

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың
алдын алудағы бос уақытты мазмұнды өткізудің маңызы**

Әдістемелік ұсынымдар

**Значение содержательной досуговой деятельности в
профилактике правонарушений среди
несовершеннолетних**

Методические рекомендации

Астана, 2016

«Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алудағы бос уақытты мазмұнды өткізудің маңызы» әдістемелік ұсынымдары (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана қаласы, 2016 жыл – 159 бет.

Методические рекомендации «Значение содержательной досуговой деятельности в профилактике правонарушений среди несовершеннолетних» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерство образования и науки Республики Казахстан – г. Астана, 2016 год – 159 стр.

«Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алудағы бос уақытты мазмұнды өткізудің маңызы» әдістемелік ұсынымдары құқық бұзушылықтың жасалу себептері мен олардың салдарын анықтау мақсатында педагогикалық зерттеу қорытындылары жөніндегі талдау материалдарын қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда шешуші фактор болып табылатын олардың сабақтан бос уақытта пайдалы жұмыспен айналысуын ұйымдастыруға бағытталған.

Ұсынылып отырған материал қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне, ата-аналарына арналған.

Методические рекомендации «Значение содержательной досуговой деятельности в профилактике правонарушений среди несовершеннолетних» содержат аналитические материалы по итогам педагогического исследования с целью выявления причины совершения правонарушений и их последствий.

Методические рекомендации направлены на организацию полезной досуговой занятости подростков в свободное от учебы время, которая является ключевым фактором в профилактике правонарушений подростков.

Предлагаемый материал адресован руководителям и педагогам организаций образования, реализующих программы дополнительного образования, родителям.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» (протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

Мазмұны

Кіріспе	5
1. Бос уақытты өткізу қызметін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесіне қысқаша шолу жасау	7
2. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда қосымша білім берудің рөлі мен жағдайы	10
3. Әлеуметтік-педагогтік проблема ретінде жасөспірімдердің сабақтан бос уақытында жұмыспен айналысуын ұйымдастыру	14
4. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлқының себептері	23
5. Бос уақытты өткізу қызметі арқылы тұлғаның әлеуметтенуінде қосымша білім беретін педагогтың рөлі	29
6. Өңірлік білім беру, ғылыми, мәдени, спорттық, қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың инновациялық желісін құру жөніндегі ресурстық орталық ретінде мектептен тыс ұйымның рөлі	37
Қорытынды	47
Қосымша	49
Әдебиеттер тізімі	80

Содержание

Введение	83
1. Краткий обзор зарубежного опыта организации досуговой деятельности	84
2. Состояние и роль дополнительного образования в профилактике правонарушений несовершеннолетних в Республике Казахстан	87
3. Организация досуговой занятости подростков в свободное от учебы время как социально-педагогическая проблема	91
4. Причины противоправного поведения несовершеннолетних	100
5. Роль педагога дополнительного образования в социализации личности через досуговую деятельность	106
6. Роль внешкольной организации в качестве ресурсного центра по созданию региональной инновационной сети образовательных, научных, культурных, спортивных, общественных и коммерческих организаций	113
Заключение	124
Приложение	126
Список литературы	157

Кіріспе

Мемлекет балалық шақтың адам өміріндегі маңызды кезең екендігін мойындайды және балаларды қоғамдағы толыққанды өмірге дайындау, олардың қоғамдық маңызды белсенділігін дамыту, балалардың бойында жоғары адамгершілік қасиеттер тәрбиелеу басымдығының қағидаттарына сүйенеді.

Қазіргі уақытта жаһандану жағдайында белсенді және жауапты азаматтарды тәрбиелеу маңызды рөл атқарады. Бұл ретте адамның рухани- адамгершілік тұрғысынан дамуына ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл өзінің ұлттық егемендігін, өз халқының өзіндік әрі бірегей мәдениетін, халық шығармашылығы мен даналығының көпғасырлық тәжірибесін, басқа адамдармен тату-тәтті өмір сүруді және мәдени алуан түрлілікті құрметтеуді білдіретін дәстүрлі мәдениеттің игі құндылықтарын сақтай білуді көздейді.

Біздің заманымыздың ерекшелігі адамның технологиялық өркениеттің қысымымен барлық нәрседен хабардар адамға айналып, оның сезімдері стандартталып, шектелетінінде болып отыр.

Адамның қалыптасуы оның ақыл-ой мүмкіндіктерін дамытуды ғана емес, сонымен қатар мәдениетінің негізін құрайтын жалпы адами құндылықтар жүйесін игеруді болжайды.

Алайда, ғалымдардың, психологтардың, әлеуметтік педагогтардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, соңғы жылдары көптеген кәметке толмағандардың арасында құндылық бағдарларының қалыптаспағаны байқалып отыр. Балалар мен оқушылардың адамгершілік, рухани, этикалық дамуы тұрғысынан алаңдатарлық жағдай анықталып отыр. Өкінішке орай, соңғы жылдары біз балалар арсыздығы мен қатыгездігі, тіпті жақын туыстардың өзіне жылылық сезімінің болмауы, айналасындағыларға қажеттілік көзқараспен қана қарау, рухани тайыздық сияқты құбылыстарды көп кездестірудеміз. Сондықтан да балалар мен жастар ортасында мынадай келеңсіз құбылыстар орын алып отыр: әлеуметтік емес мінез-құлық таныту, маскүнемдік және нашақорлық, еңбектену ниетінің болмауы, өз халқының мәдениетіне немқұрайлылықпен қарау, өмірге деген қызығушылықтың болмауы.

Осыған байланысты, балалар мен жастар арасында құқық бұзушылықтардың өсуін азайту жолдарын іздестіру және олардың алдын алу тиімділігінің жоғары болуы, әрине біздің қоғамның алдында тұрған аса өзекті әрі әлеуметтік маңызы бар міндеттердің бірі болып табылады.

Бүгінде балалар мен жастарға бағдар беруге, қазіргі ақпарат заманының үлкен ағынында өз-өзін таба білуге, жақсы мен жаманды, шындық пен жалғандылықты ажырата білуді үйретуге, қазіргі мәдени

және жалпы адами құндылықтарға деген қызығушылықты қайтаруға көмектесу өте маңызды.

Бұл жағдайда да тұлғаның әлеуметтенуі мен жеке дамуы кезеңінде бос уақытты өткізу қызметі орасан зор тәрбиелік мәнге ие болып отыр.

1. Бос уақытты өткізу қызметін ұйымдастырудың шетел тәжірибесіне қысқаша шолу жасау

Профилактикалық жұмысқа көп көңіл бөле отырып, психологиялық-педагогикалық іс-шаралар жүйесі қатер тобына жатқызылған балалар мен жасөспірімдердің ұзақ кезеңдік дамуын және олармен жұмыс істеудің ауқымды көлемін қамтуға тиіс екендігі туралы айта кету қажет. Оқу, еңбек, қоғамдық қызметпен қатар профилактикалық шаралар бос уақытты өткізу саласын да қамтуға тиіс.

Жасөспірімдердің девианттық мінез-құлқының алдын алудың неғұрлым тиімді құралы мәдени демалыс қызметі болып табылады.

Егер әлемдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, кез келген мемлекеттік саясат, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы саясат жалпыға бірдей танылған халықаралық нормаларды негізге алады.

Мектептен кейін және каникул кезінде білім алудың барлық түрлеріне қолдау көрсету балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін аса маңызды екенін халықаралық зерттеулер айғақтап отыр.

Көптеген елдерде балалар мен жастарға өздерін бос уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы саясат бар. Балаларға мектептен бос уақытты арнайы ұйымдар ұсынатын арнайы бағдарланған жұмыспен айналыса отырып, арнайы орындарда өткізу ұсынылады. Бұл жай көңіл көтеру мен демалуға, сол сияқты дамытуға бағытталған белгілі бір қызмет түрлері болуы мүмкін.

Швеция, Дания, Германия, АҚШ сияқты елдерде жаңа әлеуметтік технологияларды енгізуге, осы мәселе жөніндегі арнайы бағдарламаларды әзірлеуге зор көңіл бөлінеді. Құқық бұзушылықтардың алдын алу проблемаларын шешуде, бәлкім, батыстың тәжірибесіне, нақтырақ айтқанда, жоғары білімді әрі икемді маманға, «әлеуметтік қызметкерге» көңіл бөлген жөн шығар. **Швецияда**, мысалы, ол – жақсы білім алған және дайындалған, сабақтан тыс уақытта кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерімен айналысатын «жақын туыс ересек адам» .

Кәмелетке толмағандарға мұндай әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру кезінде және олармен жұмыс істегенде «зиян келтіріп алма» деген қағидат міндетті түрде сақталады. **Швецияның** әлеуметтік қызметкерлері қатысатын профилактикалық жұмыстың басым бөлігі – бұл шағын аудандар мен жергілікті қауымдар деңгейіндегі бағдарламалар. Аса қиын және көңіл бөлуді қажет ететін құқық бұзушылар үшін жергілікті деңгейде арнайы қарқынды бағдарламалар әзірленеді.

Кәмелетке толмағандардың бос уақытты өткізу қызметін ұйымдастыру саласында **АҚШ, Канада, Франция, Германия** сияқты елдер әлемдік көшбасшылар болып табылады, бұл елдерде коммерциялық сектор шеңберінде бос уақытты өткізудің қуатты индустриясы құрылған.

Жапонияда балалармен мәдени демалысты ұйымдастыруға айтарлықтай күш жұмсалады. Жапондықтарда белсенді демалыс: табиғатта демалу, өнермен айналысу кең таралған. Елде демалыс қызметі клубтарда, шығармашылық үйлерінде, ғылыми мәдени орталықтарда, мұражайларда, кітапханаларда, музыкалық кафелерде және т.б. ұйымдастырылады. Тәрбие-демалыс бағытының дамуын жандандыру мақсатында демалыс жөнінде көптеген әдебиет шығарылып, Конгрестер, әртүрлі ғылыми іс-шаралар өткізілуде.

Финляндияда демалыс қызметін ұйымдастыру проблемаларымен Маннергеймдік Балалар мен жастарды қорғау лигасы айналысады, оның негізгі мақсаты – адамгершілік-мәдениет пен салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ету.

Шведтік мәдениет орталықтары жастарды кәсіптендірумен, оларды нарық жағдайына бейімдеумен, әлеуметтік емес ахуалдарды еңсерумен байланысты әлеуметтік әртүрлі проблемаларды шешуге өзінің бар күш-жігерін салуда.

Швейцарияда адамның әртүрлі мүмкіндіктерін неғұрлым толық іске асырып, олардың әлеуетін ашу мақсатында қауымдастық орталықтары, клубтар, жасөспірімдер мен жастарға арналған үйлер және т.б. белсенді түрде тартылады. Балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында мәдениет және өнер саласындағы мамандар, атап айтқанда, анимациялық құралдарды қолданады.

АҚШ-та үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру үшін балаға отбасылық ахуал, бақыт, махаббат пен түсінісу ортасы қажет деп саналады. Бұл мақсатта баланың бойында эмпатия (бірге сезіне білу, бірге қайғыра білу) дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Әлем менен басталады» бағдарламасы әзірленген.

Францияда мектеп кооперативтері жалпы білім беретін мектеп оқушыларының бестен бір бөлігін біріктіреді. Балалардың әртүрлі қызмет түрлеріне (бақша өсіру, көжек бағу, дәрілік шөптер жинау, мерекелер ұйымдастыру, пікірсайыстар өткізу және басқалары) қатысуы жақсы әлеуметтік тәрбие мектебі болып табылады. Францияда формалды емес білім беру саясатын үкімет белгілейді. Факультативтік және мектептен тыс қызметтің негізгі салаларын қысқаша баяндауға бағытталған Францияның жалғыз ресми құжаты 1998 жылғы 9 шілдедегі «Мектеп кестесін реттеу жоспары және баланың жұмыспен айналысуы: жергілікті білім беру стратегиялары мен аудиториядан тыс қызметті іске асыру» атты ведомствоаралық циркуляр болып

табылады. Мұнда «мектеп оқушысы кестесінің жоспарын және оның мектептен тыс қызметін реттеу бала үшін әртүрлі үш уақыт кезеңінің: мектеп, факультативтік қызмет пен мектептен тыс қызмет теңгерімін іздестіру жұмысын болжайды» деп нақты айқындалған. Баланың мектеп қабырғасынан тыс жерде өз уақытын ұйымдастыра білуі оның оқу қызметі процесіндегі табыстары мен жетістіктеріне тікелей байланысты; бұл сондай-ақ баланы қоғамда әлеуметтенуге үйретеді.

Польшада мектептен тыс мекемелерден басқа қауымдастықтар, қорлар және формалды емес білім беру орталықтары, жастар сарайлары, иордан бақтары, жастар орталықтары жұмыс істейді. Формалды емес білім беру мекемелері Польшада ұлттық бірегейлікті айқындау міндетін шешуге арналған, олар патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөледі. Қызмет шеңберінде өз өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерделеу көрнекі орын алады.

Чехияда балалар мен жастарға ерікті негізде бос уақытты белсенді өткізуді ұйымдастыруға қосылу мүмкіндігін ұсынатын мекемелердің ауқымды әрі қолжетімді желісі жұмыс істейді.

Мектептер, бос уақытты өткізу орталықтары, білім беру агенттіктері, қызығушылықтар бойынша клубтар, мәдениет мекемелері және басқалары елдегі формалды емес білім беруді ұйымдастырушылар болып табылады.

Бос уақытты өткізу орталықтары, мектептердегі ұзартылған күн топтары, мектеп клубтары неғұрлым қолжетімді формалды емес білім беру мекемелері болып табылады. Барлығы да мектептердің жанында жұмыс істейді және олар жалпы және қосымша білім беруді біріктіру тәжірибесін көрсетеді.

Ресей Федерациясының тәжірибесі қызықты. Айталық, мысалы, **Карелия Республикасында** шығармашылық ортаның дамуын ынталандыру жөніндегі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі, белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыру мақсатында жастардың патриоттық тәрбиесіне зор көңіл бөлінеді. Фин-угор, сол сияқты славяндық ән және би дәстүрлерін насихаттау жүргізіледі. Дәстүрлі мәдениетті заманауи әлеуметтік-мәдени кеңістікке тарту қағидаттары мен тәсілдерін қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр.

Тюмень облысында мәдени демалыс қызметі бейімдеу сипатына ие болып келеді. Бұл байырғы тұрғындар өкілдерінің олар үшін жаңа этномәдени ортаға бейімделуіне байланысты. Мәдени демалыс қызметі екі негізгі аспектіні қамтиды: адам екі немесе одан көп мәдениеттің өзара іс-қимыл жасауына қатысатын маргиналды орта; көп этносты өңірлер жағдайында жалпы өзіндік сана қалыптастыратын әртүрлі этностар мәдениеттерінің өзара іс-қимыл жасау процесін көрсететін интегративтік орта.

Воронежде бос уақытты ұйымдастыруда мәдени-шығармашылық технологияларды пайдалану тәжірибесі қызықты болып табылады. Балалар мен жастарды әлеуметтік-мәдени сала іс-шараларына қатысуға тартудың екі тәсілі: оқу-шығармашылық және өнертану тәсілдері қолданылады. Шығармашылық процеске ерекше мән беріледі, өйткені ол заттар мен құбылыстарды «жай тұтынып» қана қоймай, оны өз өмірінде белсенді пайдалануға мүмкіндік береді. Оқу-шығармашылық процесте бұқаралық ақпарат құралдары, электроника және басқалары кеңінен пайдаланылады.

Әлеуметтік жүйелердің қалыпты жұмыс істеуі үшін оны орынды пайдалануға демалыс пен мүмкіндіктердің болуы қажет екендігін ТМД, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің, АҚШ-тың тәжірибесі мен тәсілдері көрсетіп отыр.

2. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда қосымша білім берудің рөлі мен жағдайы

Республикада 5 миллионнан астам бала бар. Олардың 3 миллионнан астамы – мектеп жасындағы балалар мен оқушы жастар.

Бос уақытты мазмұнды өткізу қызметін қамтамасыз ету, балалармен сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру бойынша ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін айқындау еліміздегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Жалпы елде қосымша біліммен 1 700 573 бала (61,9%) қамтылған, бұл 2014 жылмен салыстырғанда, 109 849 балаға көп (2014 ж. - 1 590 724 немесе 60,5%).

860 қосымша білім беру ұйымында 670 мың бала (24,5 %) (2014 ж. - 833 бірл., 23,9 %) айналысады.

Мектептен тыс ұйымдарда балаларды қосымша білім берумен ең көп қамтып отырған мына облыстар: Батыс Қазақстан облысында – 60,4%, Шығыс Қазақстан облысында – 51,2%, Солтүстік Қазақстан облысында – 42,9%, Қостанай облысында – 38,2, Павлодар облысында – 36,7%, Ақтөбе облысында – 32,2%.

56 мыңнан астам мектеп үйірмеде 1 027354 (37,4%) астам мектеп оқушысы (2014 ж.- 36,6 %) айналысады.

Жалпы білім беретін мектептерде, сол сияқты мектептен тыс ұйымдар желісінде балалар мен жасөспірімдердің қосымша білім алу құқығы қамтамасыз етіледі – (сарайлар, үйлер, орталықтар, кешендер, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы студиялары, жас техниктер, туристер, натуралистер станциялары, балалар музыка

мектебі, көркемөнер мектептері, өнер мектептері, қызығушылықтар бойынша клубтар, сауықтыру лагерьлері және басқалары)

Қазақстандық балаларға қосымша білім беру жүйесі балалардың техникалық, туристік-өлкетану, көркемдік-эстетикалық, экологиялық қызмет, патриоттық тәрбие саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктеріне ие.

Соңғы 3 жылда қосымша білім беру ұйымдары санының 180 бірлікке (Ақтөбе (+8), Алматы (+37), Жамбыл (+25), СҚО (+9), ОҚО (+26), ШҚО (+51), Қарағанды (+14), СҚО (+9), Павлодар (+7) Қызылорда (+3) ұлғаюының оң үрдісі байқалуда.

Көптеген жағдайларда техникалық, көркемөнер, музыкалық бағыттағы, балалар туризмі, өлкетану және экология бірлестіктері балаларды, негізінен мектепте есепте тұрған, Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда есепте тұрған ер балаларды оқыту, тәрбиелеу және шығармашылық тұрғыдан дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, маңызды профилактикалық функция атқарады.

Жасөспірімдердің іспен айналысу деңгейі жоғары болған сайын, олардың құқық бұзушылықтар жасау деңгейі де соғұрлым төмен болатыны мәлім. Соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастырудың айтарлықтай жақсарғанын атап өткен жөн. «Қатер тобындағы» балалар – ерекше бақылауда. Олар үшін аула клубтарының, жөндеу бригадаларының, көгалдандыру бригадаларының жұмысы, экспедициялар мен жорықтарға қатысу көзделген. Балалар мен жастарға арналған қоғамдық бірлестіктердің жұмысы, тәлімгерлік және волонтерлік жұмыстар жандандырылды.

Құқық бұзушылықтарды талдау, жасөспірімдермен әңгімелесулер, сауалнама жүргізу құқық бұзушылықтардың негізінен



Справочно: в 2015 году всего дворовых клубов - 521, охват - 125 103 (4,5%), из них 57 - юрид. лица, охват в них - 58 212 (2%) детей, 464 (68 891 или 2,5%) дворовых клуба не являются юридическими

сабақтан тыс уақытта жасалатынын көрсетіп отыр.

ҚР ІІМ деректері бойынша 2015 жылы жасөспірімдер жасаған қылмыстар Оңтүстік Қазақстан облысында (354), Қарағанды (444), Шығыс Қазақстан (524), Алматы (302) облысында байқалды. Бұл облыстарда балалардың сабақтан тыс уақытта іспен айналысу көрсеткіші аса жоғары емес. (Алматы облысы – 11,1% ғана, Оңтүстік Қазақстан – 16,2%, Жамбыл – 22,1%, Ақмола – 27,1%, Қарағанды – 28,1%, Алматы қ. - 15,0%, Атырау -18,8%, Маңғыстау -19,8%).

Сондықтан жасөспірімдердің аула клубтарын дамыту, туристік-өлкетану іс-шараларға, техникалық шығармашылыққа қатысуы кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастыру жолдарының біріне айналуы мүмкін.

Жасөспірімдер негізінен ақыл айтуды тыңдайтын іс-шаралардың орнына мейрамдар, фестивальдар, пікірталас клубтарын өткізу сияқты жұмыс нысандары кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда айрықша рөл атқарады.

Мысалы, соңғы жылдары 800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер оқушылардың туристік-өлкетану қозғалысының «Атамекен», «Болашақ», «Жас Ұрпақ», «Шұғыла» және басқа да әртүрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысты. Мектеп оқушыларының «Менің Отаным – Қазақстан» атты туристік-өлкетану экспедициясы шеңберінде жыл сайын мыңдаған жас туристер мен олардың ересек тәлімгерлері қатысатын алуан түрлі бағдарлар бойынша ондаған жаяу жүру, шаңғымен, суда, велосипедпен жорыққа шығулар, экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі.

Мектеп оқушыларының «Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның қасиетті жерлеріне» атты жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап Отанымыздың бас қаласы – Астанаға және елдің басқа да өңірлеріне дейінгі экскурсиялары ұйымдастырылады.

Әртүрлі іс-шаралар бағдарламаларына экологиялық-өлкетану экспедициялары, «Таза ауыл» («Чистое село»), «Алтын компас», «Турист, өз ағашыңды отырғыз» акциялары, бердингтен жарыстар (спорттық орнитология) және басқа да көптеген іс-шаралар кіреді.

Қоғамның әрбір балаға жақсы болашақ қамтамасыз етуге ұмтылуы біздің заманымыздың жақсы нышанына айналуда. Астана қаласының 7 мектебінің базасында (№29,40,42,61,65,67,71) өткізілген «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда бос уақытты өткізу қызметінің маңызы» атты пилоттық жоба осыған бағытталған. Оны іске асыруға 600 мұғалім, әлеуметтік педагог, психолог, 9 мыңнан астам оқушы, 5 мыңдай ата-ана қатысты.

Қосымша білім беру жүйесінде білім беру, тәрбие, әлеуметтік функциялар орындалады, балалардың салауатты өмір салты мен қызметтің әлеуметтік-педагогикалық модельдері әзірленіп, енгізіледі,

балалардың, оның ішінде қатар тобындағы балалардың дарындылығы, бейімделуі мен әлеуметтенуін дамыту бағдарламалары іске асырылуда.

Қатар тобының балаларын сабақтан тыс жұмыс жүйесіне қосудың өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін және әрбір нақты мектептің қандай қосымша білім беру ұйымын көздейтініне байланысты тәрбие беруде әртүрлі нәтижелерге қол жеткізіледі.

Мыналар:

1) жұмыстары бір-бірімен аса үйлесе бермейтін және қазіргі кадрлық және материалдық жағдайларға тікелей байланысты болатын үйірмелерді, секцияларды, клубтарды кездейсоқ таңдау;

2) балалардың шығармашылық ұжымдары жұмысының ішкі топтастырылуы, олардың қызметінің әртүрлі бағыттылығы;

3) балаларға қосымша білім беруді мектептің жеке құрылымдық бөлімшесі ретінде дамыту;

4) балаларға негізгі және қосымша білім беруді біріктіру, мектептегі негізгі құрылымдардың ұйымдастырушылық және мазмұндық бірлігі осындай нәтижелер болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта мектептер жұмысының практикасында жоғарыда аталған барлық ұйымдастыру модельдері пайданылады.

Әрбір модель оның жобасын жасайтын және кейіннен практикада оны іске асыратындар үшін белгілі бір құндылықты білдіреді. Мәселен, мектептегі қосымша білім беру ұйымының бірінші деңгейі балалардың бос уақытта жұмыспен айналысуын қамтамасыз ететін және олардың сабақтан тыс қызығушылықтарының спектрін айқындауға ықпал ететін тиісті мағынасы бар модельдер.

Қосымша білім беру жүйесі шешетін міндеттердің арасында, - қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың, нашақорлық пен маскүнемдіктің алдын алу міндеттері бар. Балаларға қосымша білім беру мектептің тәрбие беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесі ашықтыққа, ұтқырлық пен икемділікке ие бола отырып, баланың, оның отбасының, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін «уақыт талаптарына» тез әрі нақты ден қоя алады.

Қосымша білім беру ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарымен, Білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен; Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарымен, Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің

тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспармен регламенттелген.

3. Әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде жасөспірімдердің сабақтан бос уақыттарын өткізу жұмысын ұйымдастыру

Бүгінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүйелік қамтамасыз ету институционалдық деңгейде жүзеге асырылады. Мәселен, ҚР ІІМ Әкімшілік полициясының комитеті өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар есебін жүргізеді және олар туралы интеграцияланған деректер базасының толықтырылуын қамтамасыз етеді. Бүгінгі күні оған 6 мыңнан астам жасөспірім тіркелген. Мектеп полиция инспекторларының институты белсенді түрде дамып келеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы кәмелетке толмағандардың бейімделе алмайтын мінез-құлқы бар, жоғары қатер топтарын анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

ҚР Білім және ғылым министрлігі тәрбие процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында «Құқықтану негіздері», «Еңбекті қорғау», «Құқық негіздері», «Адам. Қоғам. Құқық» атты қоғамдық-құқықтық пәндерді зерделеу көзделген. Республиканың жалпыға білім беретін мектептеріндегі тәрбие жұмысын психологтар мен әлеуметтік педагогтар жүзеге асырады.

Осы аталған барлық құрылымдар мен басқалары өз құзыреті шегінде бұл мәселе жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады.

Сонымен бірге, жасөспірімдер жасайтын құқыққа қарсы іс-әрекеттердің қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі әлі күнге дейін жоғары күйінде қалып отыр.

Мінез-құлық ауытқуының алдын алу проблемасы, әдетте, қоғам жағдайының дағдарыстық кезеңдерінде шиеленісе түседі. Мұндай жағдайда кәмелетке толмағандар әлеуметтік өте тұрақсыз, адамгершілік тұрғыдан дайындалмаған және қорғалмаған болады. Көбіне, өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз, моральдық ой-тұжырымдары жоқ, өмір құндылықтарын жалған, жасанды нәрселерден ажырата білмейтін мұндай балалар өз санасы мен мінез-құлқында қоғамдық теріс даму үрдістеріне бейім болады.

Әлбетте, отбасындағы қолайсыз жағдай, ата-ананың өз міндеттеріне немқұрайлы қарауы балалар мінез-құлқы ауытқуының

басты себептері болып табылады. Өкінішке орай, соңғы жылдары көптеген ата-аналардың, оның ішінде қолайсыз отбасылардағы ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оның тұлға ретінде дамуы мәселелерін шешуден өздігінен шеттеуі сияқты әлеуметтік үрдіс байқалуда. Ата-аналар жұмысбастылықтан немесе немқұрайлылықтан балалар тәрбиесімен мүлдем айналыспайтын жағдайлар да жиі кездеседі. Әсіресе бұл қазіргі қоғамдық-саяси жағдай үшін аса өзекті болып отыр.

Мұның бәрі девиантты мінез-құлықтың себептерін түсінуге және оны тежеу мен алдын алудың барабар тетіктерін іздестіруге бағытталған күш-жігерді жандандыруды педагогикадан талап етеді.

Жұмыспен айналысатын және қызықты ісі бар баланың деструктивті іс-әрекеттерге уақыты да болмайды.

Оқушылардың мектептен тыс жұмыспен айналысуы және тұрғылықты жерінде іспен айналысуы әлеуметтік кеңістікті балалар мен жасөспірімдер тыныс-тіршілігінің оң түрлерімен толықтыруға арналған. Қазіргі уақытта бар бос уақытын «бекерге» өткізетін жасөспірімдер саны айтарлықтай көп, демек, олардың қоғамда мақұлданбайтын қылықтар жасауға мүмкіндіктері көп болады. Қарапайым арифметикалық есептеулер оқушының бір жылдың жүз күнін мектеп сабақтарынан тыс жерде өткізетінін көрсетіп отыр. Жылдың қалған күндерінде оқушы уақытының үштен бірінде сабақ болмайды. Бірақ бала ешқашан өзінен өзі бос болмайды. Өсіп келе жатқан адам оны қоршаған әлемнен алуан түрлілікті күтеді және күнделікті өмір ағысы ұсынатын таңдау мүмкіндіктерінің арасында, құндылықтар мен тұрмыстағы басымдықтардың ішінде қосымша білім беру құндылықтары да болуы әбден мүмкін. Балалар өз болмысына жақын, өз қажеттілігіне сай келетін және қызығушылығын қанағаттандыратын нәрсені таңдайды. Балаларға, жасөспірімдерге даму процесіне қатысуға мүмкіндік беру, бүгінгі тұрмысты ғана көрумен шектелмей, болашақта нені «көздейтіні» туралы да батыл ой жүгірту жастарды жаппай мәңгүрттенуден аман алып қалады. Баланың болашағы оның қоғамда өзін қалай көрсете білуіне байланысты. Балаға, оның немен айналысатынына, оны не қызықтыратынына, оның көзқарасына, қабілетіне, қоршаған ортаға деген көзқарасы қандай екендігіне, өмірде қандай мақсаттарға қол жеткізгісі келетініне көп көңіл бөлген аса маңызды.

Баланың жасөспірім шағында өмірлік көзқарасы, ой-өрісі қалыптаса бастайды. Мұндай жасында жасөспірімдердің мінездері өте сезімтал болады, сондықтан олар сәтсіздіктер пайда болған жағдайда, күтпеген қылықтар жасауы мүмкін.

Профилактикалық жұмысқа көңіл бөле отырып, әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар жүйесінің қатер тобына жатқызылған

балалар мен жасөспірімдер қызметінің ауқымды спектрін және ұзақ уақыттық даму кезеңін қамтуға тиіс екендігі туралы айту қажет. Оқумен, еңбекпен, қоғамдық жұмыспен қатар алдын алу шаралары бос уақытты өткізу саласын да қамтуға тиіс.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу ерекшелігі мен кәметке толмағандардың бос уақытты өткізуін зерделемес бұрын, құқық бұзушылық, оның алдын алу, бос уақытты өткізу, бос уақыттағы жұмыс сияқты ұғымдардың түсіндірілуін қарастыру қажет. Құқық бұзушылық – адамдардың құқықтық ұйғарымдарға қайшы келетін, сондай-ақ қоғамдағы және адамдар арасындағы өзара қатынастарға зиян келтіретін мінез-құлқы (қылықтары).

Кәметке толмағандардың құқыққа қайшы мінез-құлқтарын қалыптастыру мынадай себептерге негізделуі мүмкін: балалардың немесе жасөспірімдердің өз тәрбиесіздігінен, қалыптасқан теріс мінез-құлқы стереотиптерінен, қажетті оң білімінің, машықтары мен дағдыларының болмауынан өздерін дұрыс ұстай алмайтын әлеуметтік-педагогикалық бой бермеуі; отбасылық қарым-қатынастардың қолайсыздығынан, отбасындағы психологиялық келеңсіз ахуалдан, оқудағы үнемі орын алатын сәтсіздіктерден, ата-аналар, мұғалімдер, сыныптастар тарапынан оған деген дұрыс көзқарастың болмауынан (әділетсіз, дөрекі) туындаған терең психологиялық жайсыздық; психологиялық және денсаулық жағдайы мен дамуындағы ауытқулар, жасына байланысты дағдарыстық құбылыстар, мінезіндегі акцентуациялар және физиологиялық және психоневрологиялық ерекшелігінің басқа да себептері; өзін-өзі таныту жағдайының болмауы, пайдалы қызмет түрлерімен айналыспау, әлеуметтік және жеке адам ретінде өмірлік оң әрі үлкен мақсаттары мен жоспарларының болмауы; қадағалаусыз қалу, қоршаған ортасының теріс ықпал етуі және осының негізінде дамиды әлеуметтік-психологиялық бейімделе алмаушылық, әлеуметтік және жеке адам ретінде оң құндылықтарының келеңсіз нәрселерге алмасуы.

Профилактика – дамуында, білім алуында, тәрбиесінде қандай да бір ауытқулардың пайда болуы мен дамуын болдырмау үшін әзірленген шаралар жиынтығын пайдалану. Оңалту жүйесіндегі профилактика адамның дамуында сол немесе өзге де ауытқуларды туындататын себептерді, жағдайлар мен факторларды жоюға, қалыпқа келтіруге байланысты. Көбіне ол баланың ортасына, әлеуметтік ортасына байланысты. Қатер тобының жекелеген индивидтерінде олардың денсаулығындағы, психологиялық немесе әлеуметтік-мәдени ықтимал коллизияларды болдырмауға, адамдардың өмірі мен денсаулығының қалыпты деңгейін сақтауға, қолдауға және қорғауға, қойылған

мақсаттарға жетуде оларға жәрдемдесуге және ішкі әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға бағытталған ғылыми негізделген және уақтылы қабылданған іс-қимылдар – мұның барлығы профилактикалық жұмыс тәсілдері.

Кәметке толмағандар арасындағы профилактикалық қызмет мынадай бірнеше деңгеймен айқындалады:

1. Адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін неғұрлым толығырақ қанағаттандыру жөніндегі жалпы мемлекеттік көлемдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және басқа да міндеттерді шешу.

2. Адам өмір сүріп жатқан шағын ортаны сауықтыруға бағытталған әлеуметтік орта инфрақұрылымының педагогикалық бағдары жөніндегі шаралар.

3. Құқыққа қарсы іс-әрекеттерді және жекелеген адамдар мінез-құлқындағы ауытқуларды түзетуге және алдын алуға бағытталған жеке тәрбиелеу-профилактикалық жұмыс.

Мыналарға:

- тұлғаның әлеуметтену процесін қалыпты жүзеге асыру үшін оңтайлы психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдай жасауға;

- жасөспірімдер мен олардың отбасына психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыруға;

- қажет болған жағдайда, баланы әлеуметтік-құқықтық қорғау шараларын қамтамасыз етуге (баланы отбасынан мәжбүрлеп алып қою, ата-аналық құқығынан айыру және т.с.с.) бағытталған қызмет профилактикалық шаралар негізінде жатыр.

Профилактикалық қызметтің мынадай түрлері болады: бастапқы, екінші қайталанатын, үшінші қайталанатын.

Бастапқы профилактика – ауытқушылық мінез-құлқтың қалыптасуына ықпал ететін биологиялық және әлеуметтік-психологиялық факторлардың теріс әсерін болдырмауға бағытталған шаралар кешені. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқуларды болдырмау саласындағы алдын алу іс-шараларының маңызды түрі бастапқы профилактика болып табылатынын атап өткен жөн. Профилактика өз болмысынан әлі пайда болмаған проблемаларды шешуді көздейтіндіктен, шаралардың бірқатары олар туындағанға дейін алдын ала қабылданады.

Құқық бұзушылықтар жасауға бейімдіктің ерте көрініс беру деңгейінде ата-аналардан, мұғалімдерден, әлеуметтік педагогтар мен мектеп психологтарынан тұратын отбасы және мектеп институттары, сондай-ақ клубтар, спорт секциялары және т.б. нысандағы шағын социумның мектептен тыс бос уақытты өткізу мекемелерінің жүйесі профилактикалық функция атқарады.

Балаға және жасөспірімге өз қажеттіліктерін бір жағынан әлеуметтік оң тәсілдермен қанағаттандыруға, екінші жағынан бала үшін қатерлі жағдайға айналуы мүмкін субъективті күрделі өмірлік жағдайда уақтылы білікті көмек ұсынуға жағдайлар мен мүмкіндіктер туғызу осы кезеңдегі профилактикалық қызметтің мәні болып табылады.

Екінші қайталанатын профилактика - девиантты мінез-құлқы бар кәмелетке толмағандармен (сабаққа қатыспайтын, үнемі құрбыларымен жанжалдасатын, отбасыларында проблемалары бар және т.с.с.) жұмыс істеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік-психологиялық, заңдық және өзге де шаралар кешені. Жасөспірімнің аса ауыр қылмық, құқық бұзушылық, қылмыс жасауына жол бермеу; өмірлік қиын жағдайда жүрген жасөспірімге уақтылы әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету екінші қайталанатын профилактиканың негізгі міндеттері болып табылады.

Екінші қайталанатын профилактиканы жүзеге асыруға кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар, мектеп полиция инспекторлары, әлеуметтік педагогтар мен мектеп психологтары, ата-аналар белсенді түрде тартылады.

Үшінші қайталанатын профилактика – бас бостандығынан айыру орнынан шыққан жасөспірімнің қайтадан қылмыс жасауын болдырмау мақсаты болып табылатын әлеуметтік-психологиялық және заңдық сипаттағы шаралар кешені. Бұл деңгейде профилактикаға жазаларын өтеу жүйесінің мекемелері тартылады, олардың функцияларына заң бұзған жасөспірімдерді қайта тәрбиелеу процесін, яғни қайтадан құқық бұзушылық жасаудың алдын алуды жүзеге асыру заңнамалық түрде енгізілген.

Алғашқы екі тәсілді жалпы профилактикаға, ал үшіншісін арнайы профилактикаға жатқызуға болады.

Жалпы профилактика баланың таяу арадағы болашағында сол немесе өзге де проблемалардың туындауын болдырмауға не проблеманың пайда болуы алдында сол немесе өзге де проблеманың алдын алуға бағытталған бірқатар ескерту іс-шараларын жүзеге асыруды болжайды.

Белгілі бір міндетті: девиантты мінез-құлықтың алдын алуды, оқуда үлгермеудің алдын алуды, жасөспірімдер суицидінің алдын алуды және т.с.с. шешуге бағытталған шаралар жүйесі арнайы профилактика деп аталады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың ерте алдын алу бойынша мектептегі қазіргі заманғы интеграцияланған әлеуметтік-педагогикалық қызмет моделінде мыналар түйінді тұжырымдамалық ережелер болып табылады:

отбасындағы тәрбие мен қоғамдық қамқорлық көрсету бағытталған баланың тұлғасы әлеуметтік-педагогикалық білім беру жүйесінің ортасы болып табылады;

мектептің әлеуметтік-педагогикалық қызметі білім беру, тәрбиелеу және дамыту процесінде балаға адамгершілік тұрғыдан тұлға ретінде қарауды; балалар мен ересектер ынтымақтастығының тұлғаға бағдарланған педагогикасын, заманауи инновациялық әдістемелер мен технологияларды болжайды;

мектептің, қосымша білім беру жүйесінің, отбасының, қоғамдық институттардың, кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының ерте алдын алу функциялары жүктелген мемлекеттік ұйымдардың тәрбиелік әсерлерінің интеграциясы ведомствоаралық тәсілге негізделеді;

отбасымен байланыстарды іздестіру, ата-аналарды мақсатты бағытталған әлеуметтік-тәрбиелік қызметке қосу маңызды болып табылады;

мектептер базасында, жасөспірімдердің бос уақытты өткізу саласында қосымша білім беру инфрақұрылымын қалыптастыру зор мәнге ие болуда;

мектептің әлеуметтік-педагогикалық қызметінің мазмұны сабақ уақыты мен оқудан тыс уақыт саласындағы қызметтің мазмұнды түрлерінің жиынтығында кеңінен ашылады.

Мыналарға:

мәдени демалыс қызметіне (сабақ уақыты мен бос уақыт саласында);

спорттық-сауықтыру қызметіне, ойындар өткізуге (сабақ уақыты мен бос уақытта алуан түрлі нысанда іске асырылады);

еңбек қызметіне;

туристік-өлкетану қызметіне;

оқу-зерттеу қызметіне ерекше рөл беріледі.

Мектептің мұндай қызметі девиантты мінез-құлықты балаларды анықтауға және түзетуге ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, оның себептерін нивелирлеу мен жоюға бағытталған және ол превентивтік (алдын алу) сипатқа ие. Бұл ретте мектепте және балаларға қосымша білім беру ұйымдарында бос уақыт саласындағы оқу-тәрбие процесінің барлық құрамдауыштары әлеуметтік маңызды қызметке тарту арқылы балалардың бойында теріс мінез-құлық құбылыстары факторларына қарсы тұруларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл жалпы кәмелетке толмағандардың сабақтан бос уақытта мазмұнды оң іспен айналысуын қамтамасыз етуге, сол арқылы құқық бұзушылықтардың ерте алдын алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бос уақыт – адамның міндетті өндірістік емес міндеттерді орындағаннан кейін қалатын жұмыстан тыс уақытының бір бөлігі. Дене

күшін және жан-дүниенің тепе-теңдігін қалпына келтіретін демалыс пен қозғалыс бос уақыттың алғашқы қарапайым құндылықтары болып табылады. Қоғам өмірінде тұрақтандыру, шиеленісті жағдайларды шешу, қоғамдық дауларды болдырмау, ынтымақтастықты, ұрпақтардың өзара байланысын нығайту, сөйлесу, адамның қуану, сауық құру қажеттіліктерін қанағаттандыру және т.с.с. үшін бос уақыт маңызды.

Бала бос уақытында мәдени құндылықтарды меңгерумен, жаңа нәрселерді танып-білумен, әуесқойлық еңбекпен, шығармашылықпен, дене шынықтырумен және спортпен, туризммен, саяхаттармен және басқа да көптеген нәрселермен айналыса алады. Өз қызметін бос уақытта жалпы маңызы бар мақсаттарға жетуге, өзінің өмірлік бағдарламасын іске асыруға, өз күш-жігерін дамытып, жетілдіруге бағыттай білуі көп жағдайда адамның әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі сезінуіне, өзінің бос уақытына қанағаттануына байланысты.

Әлеуметтік-демалыс қызметінің әлеуеті жасөспірімдер мінез-құлқының девиантты түрлері көрінісінің алдын алып, өзгерте алады.

Жастардың бос уақытты өткізуінің екі негізгі түрін атап өтуге болады: ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған.

Бос уақытты ұйымдастырылған түрде өткізу саласына жасөспірімдерге арналған ұйымдар мен жастар ұйымдары, мәдениет үйлері, әлеуметтік орталықтар, көркемөнер және спорт үйірмелері, клубтар, секциялар және т.с.с. жатады. Жастардың бос уақыттарын өткізуімен айналысатын формалды түрде ұйымдастырылған ұйымдар жас жігіттер мен қыздарды жаңа әлеуметтік қатынастарға тартуға, олардың өздерін танытуларына, тұлғаның әлеуметтенілуіне ықпал етеді, отбасына өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге көмектеседі, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз қалудың, ауытқушылық мінез-құлықтың алдын алуға жәрдемдеседі.

Бос уақытты ұйымдастырылмаған түрде өткізу қандай да бір қызығушылығына қарай біріктіретін, мысалы ол ұқсас қызығушылықтар болуы мүмкін, жастар топтарын стихиялық түрде құруды білдіреді. Формалды емес топта болу жасөспірімге белгілі бір әлеуметтік мәртебені қамтамасыз етіп, топшілік ынтымақтастық дәрежесінің жоғары болуының арқасында оның әлеуметтік қорғалуға деген қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Көп жағдайда бұл құрбыларының компаниясына сәйкес болуға, жеке өзі жүруден бас тартуға, топтың нормаларына, құндылықтары мен қызығушылықтарына толықтай бағынуға алып келеді.

Мұндай формалды емес топтарда өмір сүру салты, өзіндік мораль, рухани құндылықтар, атрибутика, слэнг, яғни айналасындағы қалған адамдарға қатысы жоқ тек топ мүшелеріне ғана таралатын, ересектердің жалпыға бірдей мәдениетінен өзгеше өзіндік ерекше қосалқы мәдениет оларды біріктіретін өзек болып табылады. Өзі

туралы жария ету үшін қоғамды таң қалдырып, тәнті ету керек. Бұл киімдерінен, манераларынан, жаргоннан, ерекше әуесқойлықтарынан көрініс табады. Көбіне мұның барлығы мінез-құлықтың өзіндік ерекшелігімен, мораль нормаларының бұзылуымен, музыка, топтасып жиналулар, деструктивті көріністер төңірегіндегі қызығушылықтармен ғана шектеледі.

Әлеуметтену агенті ретінде балалардың өз еріктерімен құрған тобының айырмашылығы ол ешқандай заңнамамен регламенттелмейтінде, болжанбайтындығы мен кейбір жағдайларда жас жігіттер мен қыздарға, сол сияқты айналадағылар үшін де қауіп тудыратындығында.

Бос уақытты ұйымдастырылмаған түрде өткізу, жас адам мүшесі болуға шын мәнінде мұқтаж құрбылар компаниясында болу – заңды процесс. Шындығында, жас жігіттер мен қыздар арасында жүргізілген көптеген сауалнамалар деректері бойынша бос уақытты өткізуде достармен, құрбылармен формалды емес түрде сөйлесуге басымдық беріледі.

Осыған орай, біріншіден, бос уақытты өткізу саласында алуан түрлі талғамдық әуестіктерді іске асыру үшін неғұрлым кеңірек мүмкіндік жасау, жастардың әуесқойлықтарын «заңдастыру», бос уақытты өткізумен айналысуда еркін таңдау жасауға мүмкіндік беру; екіншіден, балалар мен жастарға арналған бос уақытты өткізу ұйымдарының желісін кеңейту, сондай-ақ қызметі маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік (дискотекалар, түнгі клубтар және басқалары) сияқты әлеуметтік девиация түрлерінің болуымен байланысты ұйымдарды бақылауды күшейту; үшіншіден, жас адамның формалды емес топта болуға ұмтылуын пайдалана отырып, жасөспірімдер-жастар компаниялары мен топтарын анықтау және олардың қызметін әлеуметтік маңызы бар арнаға бағыттау кәметке толмағандардың девиантты мінез-құлқының алдын алу бағыттарының біріне айналады.

Әлеуметтік-бос уақытта демалуды ұйымдастыру қызметі бос уақытты өткізуді ұтымды ұйымдастыра білуге ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық факторлардың есепке алынуына да байланысты. Бос уақытқа қатысты жасөспірімдер қызметі еріктілікке негізделеді.

Сондықтан тұлғаның психологиясы мен топтардың психологиясы, ұжымдар мен көпшіліктің психологиясы ескерілген жағдайда ғана іс-шаралардың мазмұндылығы, жұмыстың түрлері мен тәсілдері туралы сөз қозғауға болады. Бос уақытты өткізу жағдайындағы жеке бастама мен еріктілікті, адамдар қызметінің түрін ескерумен, шығармашылық қабілеттерді дамыту мақсатын іске асыра отырып, бос уақытты өткізуді ұйымдастырушылар өзін-өзі дамыту мен

шығармашылық бағдарламалары негізге алынған осындай іс-шараларды өткізеді.

Кәметке толмағандар пікіртерімін талдау, олардың ең алдымен, еңбек биржасына, құқықтық қорғау және заңдық консультациялар алу пунктеріне, «сенім телефондарының» жұмысына, сексологиялық консультацияларға мұқтаж екенін көрсетті. Нарықтық қатынастар адамдардың экономикалық белсенділігін ынталандырулар мен уәждемелерін түбегейлі өзгертуді болжайды, балаларды қалыптастыру олардың санасында материалдық емес құндылықтарға қарағанда, материалдық құндылықтардың басым болуынан басталатын түбегейлі қайта бағдарлану орын алғанын көрсетті.

Қоғам мен мемлекет өсіп келе жатқан ұрпақты базалық стратегиялық ресурс ретінде, әлеуметтік-экономикалық саясаттың нақты субъектісі ретінде қарастырады. Бұл балалар мен жастардың проблемаларына көңіл бөлудің артқанын, биліктің барлық деңгейінде оларға деген көзқарастың түбегейлі өзгергенін, сондай-ақ қоғамдық-мемлекеттік жүйе құруды білдіреді.

Балалармен және жастармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізу қамқорлық жасау мен патернализмге ғана емес, сондай-ақ ең жас адамдардың белсенділігін ынталандыруға, алдарында тұрған проблемаларды өздері шешу үшін жағдай жасауға негізделуі тиіс.

Балалар мен жасөспірімдердің іспен айналысуын қамтамасыз ету үшін профилактика субъектілерінің өзара іс-қимыл жасауының оң тәжірибесі Павлодар қалалық білім бөлімінің «Жұмыспен қамту және балалар шығармашылығы орталығы» МКҚК-да жинақталған.

Орталық балалардың жалпы білім беретін мектептермен, қосымша білім беру ұйымдарымен, балаларға арналған аула клубтарымен, мәдениет және спорт жүйесінің ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауларын қамтамасыз етеді.

Мыналар:

- балалар мен жасөспірімдердің сабақтан тыс уақыттағы және каникул кезеңіндегі қызметін ұйымдастыру;
- оқушыларды қалалық және мектепаралық іс-шараларға, әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысуға тарту бойынша ұйымдастыру жұмысы;
- тұрғылықты жеріндегі тәрбие жұмысын үйлестіру;
- әлеуметтендіру құралдарымен мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу қызметі;
- балалар мен жасөспірімдердің іспен айналысуын мониторингілеу және бақылау;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектептер мен клубтарға әдістемелік, ұйымдастырушылық және консультативтік көмек көрсету;

- сынып жетекшілері, педагог-ұйымдастырушылар, қосымша білім беру педагогтары, аға вожатыйлар кадрларын оқыту;

- қала маңындағы демалыс аймақтары базасында көшпелі мектептер нысанында білім беру-тәрбиелеу бағдарламаларын жүзеге асыру Орталық қызметінің негізгі бағыттары болып табылады.

Екібастұз қаласындағы «Қайнар» балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығында, өзіндік әлеуметтік-мәдени кешенде бір шатырдың астында көркемөнер, музыка, техникалық, туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелер орналасқан, онда әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларының әртүрлі мамандықтар бойынша ақысыз қосымша білім алуға мүмкіндіктері бар. Бұл ретте өнердің қандай да бір түріне үйрету үшін баланың қабілеті, оның қалауы мен бағдары ескеріледі. Бүгінде Орталықта 32 бағыт бойынша: көркемөнер-эстетика, декоративтік-қолданбалы, техникалық, туристік, мәдениеттану, әлеуметтік-педагогикалық бағыттарда 70-тен астам балалар шығармашылық бірлестігі жұмыс істейді. Қаланың шағын аудандарында балалар мен жасөспірімдердің сабақтан тыс уақытта іспен айналысуын және дамуын қамтамасыз ететін 14 аула клубы ашылған.

«Қайнар» балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығының мерекелері — бұл қиял мен қуаныштың ерекше әлемі. Орталық қабырғасынан білім алғандар санын айту мүмкін емес. Әдетте, әртүрлі бірлестіктерде бірнеше жыл қатарынан айналысқан балалардың барлығы да үлкен өмірге шығармашылық шабыттың өшпес жалынын өздерімен бірге ала кетіп, өмірде лайықты орындарын тапты. Түлектердің көбі – кәсіби, белгілі инженерлер, әртістер, мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар, журналистер.

Соңғы жылдары Шығыс Қазақстан облысында шатырлық лагерьлер кеңінен танымал болып отыр. Облыстық ауғандықтар қоғамы девиантты мінез-құлықты балалардың осындай лагерьлерде жазғы демалысын ұйымдастыруға бастамашылық жасады. Облыстың барлық аудандарында жазғы кезеңде балаларды қабылдауға дайын балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталықтары мен базалары ашылады. Мұндай мысалдар аз емес.

Қоғамға қалыпты, саналы азаматты қайтару – осы жүргізіліп отырған жұмыстың басты мәні.

4. Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлқының себептері

Социологтар мен криминологтар кәмелетке толмағандарды әлеуметтік бейімдеу процесін өмірлік шиеленіскен жағдайлардың

туындауына субъективті алғышарттар қалыптастыратын және кей жағдайларда жасөспірімнің бойында құқыққа қарсы мінез-құлықтың қалыптасуына ықпал ететін стрестердің, күйзелулердің неғұрлым ықтимал қателіктері кезеңі ретінде қарастырады. Тәрбиелеу кеңістігі тұлғаның дамуы мен өзін-өзі танытуының маңызды факторы болып табылады. Соңғы он жыл ішінде балалар мен оқушы жастардың ғана емес, сонымен қатар педагогтар мен ата-аналардың ой-өрісі өзгерді.

Қазіргі уақытта жасөспірім күн сайын сол немесе өзге де проблемалармен бетпе-бет келетін әлеуметтік кеңістік айтарлықтай кеңейді. Балалар мен оқушы жастар арасында, бір жағынан, бірігуге, өздерінің қоғамдағы рөлін мойындатуға, өзін-өзі көрсету, өзін-өзі таныту жолдары мен түрлерін өз бетінше таңдауға деген ерекше ұмтылысы байқалады. Екінші жағынан, жасөспірімдердің азаматтық бастамасының өсуін көбіне білім беру ұйымдарында өзін-өзі таныту үшін нақты жағдайдың болмауы тежейді. Бос уақытты өткізуді ұйымдастыру, балалар мен оқушы жастардың пікірінше, олардың қызығушылықтарына сай келмейді. Оқушылардың 6% ғана қызығушылықтар бойынша үйірмелерге (клубтарға) барады, 15% оқушы спортпен шұғылданады, 18% - компьютерде ойындар ойнайды, 9% - теледидар қарайды, басым бөлігі – өз беттерінше жүреді. Спорттық-сауықтыру туризмінің көптеген түрлерінің ішінде су туризмі өте кең тараған – бұл спорт түрімен сауалнама жүргізілгендердің 41% айналысқысы келеді, респонденттердің 36% тау туризмімен, тауға өрмелеумен, 32% - жаяу жүріспен айналысқанды жақсы көреді. Қазақстан бойынша туристік-өлкетану маршруттарына сауалнама жүргізілгендердің 57% қатысқылары келеді, 40% - оларға барғылары келмейді және 3% жауап берген жоқ.

Балалар мен оқушы жастар арасындағы өзін-өзі басқаруды дамыту – жаңа тәрбиенің аса маңызды технологиялық қағидаты болып табылады. Алайда, сауалнама жүргізілгендердің 59% сыныптастар арасында қоғамдық немқұрайлылықтың, 54 %-ында формалды немқұрайлылықтың өсіп отырғанын, оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының жұмысы қызықты емес екендігін атап өтті.

Мұғалімдермен тұлғааралық қатынастарда айтарлықтай проблемалар бар екенін оқушылардың 7 %-ы, өзара қарым-қатынас жасай алмаудан өз құрбылармен проблемалардың орын алып отырғанын мектеп оқушыларының 12 %-ы атап өтті.

Оң құндылықтардың тапшы екендігі өте қатты сезіледі. Айталық, мысалы, білім алудың маңыздылығын балалардың 12%-ы бағаласа, 40%-ы достарымен сөйлесіп, тілдесу үшін ғана мектепке келеді, 10%-ы мектепті жақсы көреді, 12 %-ына білім алу қызықты.

Құрбылары мен ересектер тарапынан қорқытып алу, ұрып-соғу, нашакорлар, ұрылар компаниясына тарту сияқты құқыққа қарсы іс-

әрекеттер қолданылған жасөспірімдер санының ұлғаю үрдісі анықталды. Мұндай балалар – 67%.

Зиянды қылықтарға әуес балалардың жас мөлшері төмендеп келеді. Мәселен, оқушылардың 40% жүйелі түрде алкогольді қолданса, 26%-ы мектептен бастап шылым шегеді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар тұлғаның жасына, психологиялық, жыныстық және өзге де ерекшеліктеріне, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін мән-жайларға; кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауы мен құқық бұзушылықтарының серпініне, құрылымына; демографиялық және қоғамдық өмірдің алуан түрлі әлеуметтік-экономикалық және адамгершілік-психологиялық салаларына жататын көптеген басқа да факторларға байланысты.

Қиын тәрбиеленгендер проблемасын ойдағыдай шешу үшін баланың бойында адамгершіліктің болуын дамыту мен мінез-құлқындағы ең алғашқы ауытқуларды уақтылы анықтап, түбірімен жою қажет. Зерттеушілер мұндай ауытқулар өте ерте байқалатынын атап өтеді, барлық қиын жасөспірімдердің 3/4-і 1-ші сыныптың өзінде өте орнықсыз мінез-құлық танытып, педагогтармен дауласады, олардың көбі «оқшаулану» жағдайына тап болып, мектептен тыс жерлерде үлкен балалармен дос болуды қалайды. Осы сыныптардың немесе топтардың әрқайсысында педагогтар негізсіз қиын деп санамайтын 1-3 (4-6 сирек) бала бар екенін бастауыш сынып мұғалімдерімен және балабақшалардағы үлкен және дайындық топтарының тәрбиешілерімен әңгімелесулер көрсетті. Бұл балалар, әдетте, аса зейінді емес, қырсық, өздерін ұстай алмайды, кей кездері тіл табыса алмайды және немқұрайлық танытады немесе, керісінше, босаңдау, үйірсек болып, көп сөйлейді, тіл алмайды, дене және ақыл-ой еңбегіне теріс көзқараста болу көп жағдайда оқушының сабақта үлгермеуі мен тәртіпті болмауының бастапқы себебіне айналады.

Төменгі сынып оқушыларының арасындағы қиын тәрбиеленушілік құбылысына тән ерекшелік оның қоғам үшін қауіпті емес түрге ие екендігі болып табылады, сондықтан да мектеп жасындағы және төменгі сынып оқушыларымен қажетті тәрбие жұмысы жиі жүргізілмейді.

Баланың тұлғасын қалыптастыруда әлеуметтік ортаның, яғни өз өмірінің ең алғашқы күндерінен бастап бала тәрбиеленетін жағдайлар жүйесінің шешуші мәнге ие екенін атап өткен маңызды. Алайда, әлеуметтік ортаны оның ауқымды ұғымында (яғни осы қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларының бүкіл кешені) немесе үлкен ортаны, шағын орта деген атаумен белгілі, тұлғаның қалыптасу процесі тікелей жүретін (отбасы, мектеп, көше және т.б.) жақын тұрмыстық ортадан ажырата білу қажет.

Осылайша, балалардың қиын тәрбиеленушілігінің ерте алдын алу, шын мәнінде, бала дүниеге келген алғашқы күндерден басталуы тиіс. Ол негізінен отбасында жүзеге асырылатын жүйелі, мақсатты бағытталған тәрбиелік әсер етуді дұрыс ұйымдастыруды білдіреді.

Өкінішке орай, ата-аналар баланың адамгершілік тұрғыдан дамуындағы ауытқулардың пайда болуының алдын ала алмайтынын практика айғақтап отыр. Олардың кейбіреулерінің қажетті психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейі жоқ, екіншілерінің объективті себептерге байланысты (жұмыста болу, жиі іссапарда болу, ұзақ уақыт сырқаттану) бала тәрбиесіне жеткілікті уақыт бөлуге, онымен сөйлесуге мүмкіндіктері болмайды, үшіншілері – бала тәрбиесімен мүлдем айналысқалары келмейді. Олардың балаларға жасайтын қамқорлығы, ең жақсы дегенде, киіндіріп, тамақтарын берумен шектеледі. Онымен қоса, мұндай ата-аналар көбіне өздері балаларына теріс мінез-құлықтың бірден-бір үлгісі болады. Әлеуметтанушылық зерттеулер деректері бойынша ата-аналардың 30%-ына өз балаларын тәрбиелеу қиынға соғады, тәулік бойы жұмыс істейтін әйел балалар тәрбиесіне 16 минут, ал демалыс күндері – 30 минут уақыт бөледі.

Мұндай отбасыларындағы балалар өз жастарына сәйкесті моральдық-этикалық білім ала алмайды және осының нәтижесінде субъективтік қарым-қатынастар жүйесінде олқылықтар мен ауытқулар орын алады. Олардың кейбіреулері қолайсыз әлеуметтік шағын ортада ұзақ уақыт болғандықтан, ерте жасында-ақ моральға жат мінез-құлық дағдыларын иеленіп, теріс мінез көрсетуден белгілі бір өмірлік тәжірибесі болады. Бұл, әрине, қолайсыз отбасы жағдайында тәрбиеленген бала адамгершілік жағынан толыққанды тұлға бола алмау тағдырына ұшырап отыр дегенді білдірмейді. Балалардың тағдырына отбасы ғана емес, сонымен қатар мектеп, қоғам жауап береді.

Демек, жасөспірімдердің 4-6-шы немесе 8-9-шы сыныптарда да «күтпеген жерден» қиын балаларға айналу себебін бастауыш мектептен іздеген жөн.

Қиын тәрбиеленушілік құбылысын осылайша түсіну және бастауыш сыныптарға профилактикалық жұмыстың ең жауапты кезеңі ретінде қарау оны өте маңызды айрықша ерекшелік ретінде, атап айтқанда, ең алдымен, баланың тұлғасы емес, оның (баланың) жақын әлеуметтік ортамен және бірінші кезекте, мұғаліммен, ата-аналармен және сыныптастарымен өзара іс-қимыл жасау процесі бастауыш сынып мұғалімінің профилактикалық әсер ететін тікелей объектісі болатынын атап айтуға мүмкіндік береді.

Баланың мүмкіндіктері мен мұғалімнің талаптары арасындағы қайшылықтар нәтижесі ретінде туындайтын оқытудың оң уәждемелерін жоғалтып алу мектеп оқушысының әлеуметтену процесіндегі

қолайсыздықтың бірінші көрсеткіші болып табылады және, әдетте, жаңадан пайда бола беретін қиындықтарға әкеп соқтырады, олардың нәтижесі оқушының сынып өмірінен біртіндеп, бірақ сөзсіз алшақтауы болып табылады. Қиын тәрбиеленген оқушылардың оқуда үлгермеушілігі мен «мектептен шығарылуы» мектеп тәрбиесі саласындағы криминологиялық сипаттағы өте маңызды проблемаларды құрайды. Жасөспірімдердің заңмен келіспеушілігін туындататын себептер:

тұлғааралық қарым-қатынастар саласындағы бұзушылықтар (танымал емес, сынып ұжымында оны қабылдамайды, жек көреді, оқшауланады, дау тудырғыш, шеттетілген, бақылаусыз, отбасынан кеткен);

педагогтардың қателіктері (педагогикалық билігін асыра сілтеуі; баланың жеке ынталандырулардан айырылуы; оқушының тұлғасын кемсіту ретінде жазалау; қойылатын талаптардың қарама-қайшылығы; оқушылардың ерекшеліктерін үстіртін ғана білу);

отбасындағы тәрбиенің қателіктері («еркелікпен өткен балалық», «балалық шағы басып тасталған», «балалығы қор болған», «жалғыздықпен өткен балалық», «елеусіз өткен балалық»);

ата-аналардың қарапайым психологиялық-педагогикалық білімінің болмауы, тәрбие жұмысын мектепке аудару салу; жасөспірімді үй шаруасындағы қол қызметінен шеттету; отбасындағы даулар және басқалары;

әлеуметтік себептер (қоғамдағы, шағын социумдағы қайшылықтар);

психологиялық жарақаттаушы жағдайлар (ата-аналардың ажырасуы, жақын туыстарының қайтыс болуы, тұрғылықты жерін ауыстыру және т.с.с.),

мектептен тыс білім беру ұйымдары желісінің босаң болуы.

Жасөспірімдік кезең және оның ішінде балғын жастық шак жоғары қатер тобын білдіретіні мәлім.

Қазіргі кезде «қиын балалар» тәрбиесінің мәселелеріне жұртшылық, ғалымдар, педагогтар ерекше зейінмен көңіл бөліп отыр. Бірде-бір бал ұры, кісі өлтіруші немесе қорлаушы болып тумайды. Отбасы мен қоғам баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның барабар дамуы үшін қажетті жағдай жасай алмайтын әлеуметтену процесіндегі ақаулықтың салдары қылмыс жасау болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік агрессиясы мынадай бірнеше факторларға: физиологиялық ауытқулардың болуына, қолайсыз отбасында тиісті тәрбие алмауына, қолайсыз әлеуметтік-мәдени ортаға негізделуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың, әдетте, ресми адамдар мен ұжымдардың тәрбиелік сипаттағы ақпаратын сенімсіздікпен қабылдауларымен, көбіне өздерінің мінез-құлықтарын қалай да болсын ақтайтын және формалды емес шағын орта топтарындағы мәртебесін нығайтатын нәрселерді ғана табуға ұмтыла отырып, оны қате түсінулерімен де жағдай ушыға түседі.

Мұндай оқушылар мектептегі ұжымынан біртіндеп ажырап, мектептен тыс жерлерден, көшедегі кездейсоқ адамдар ортасынан өзіне айналысатын іс іздей бастайды және қоғамға қарсы элементтердің теріс ықпалына жеңіл ұшырайды. «Шағын ортаның зиянды ықпалы, - деп жазады болгарлық психолог В. Момов, көбіне үлкен ортаның неғұрлым алыс әрі тікелей емес ықпалымен салыстырғанда, күштірек болады. Дәл осы нәрсе – қоғамның қазіргі даму кезеңінде адамның әлеуметтенуінің ең бір осал жері болып табылады».

Мемлекет және құқық негіздері жөніндегі оқу материалы оқушылардың әртүрлі контингенттерімен сыныптан тыс мақсатты жұмыс жүргізумен тиімді түрде толықтырылатын, құқық қорғау органдарының жұмыскерлерімен жүйелі байланыс орнатылған көптеген білім беру ұйымдарында оқушылармен құқықтық тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын мақұлдаған жөн.

Құқық бұзушылар қатарынан қиын тәрбиеленген оқушылармен жүйелі профилактикалық жеке жұмыс жүргізу үшін шефтер, тәлімгерлер және қоғамдық тәрбиешілер тағайындау практикасы оң қырынан танылды.

Көптеген педагогтар мен психологтардың әділ пікірлері бойынша отбасында балалар тәрбие объектісі ғана емес, сондай-ақ тәрбие субъектісі де болып табылады. Олар кері байланыс ретінде ата-аналарына тәрбиелік әсер етіп, тұрмыстық қарым-қатынастар саласын тәртіпке келтіреді, қоғамдық тәрбиенің бастапқы ұясы ретінде көбіне отбасымен байланысты қызметтің репродукциялық нысандарын ынталандырады.

Отбасындағы тәрбиенің орасан зор әлеуетті әрі ынталандырушы мүмкіндіктері әлі де болса шектеулі пайдаланылады. Отбасы тәрбиесінде жіберілген кемшіліктердің криминогендік маңызы, жасөспірімнің ата-аналарының біреуінен немесе екеуінен де айырылуы, егер қоғамдық тәрбиедегі уақтылы көмекпен оның орны толтырылмаса, отбасының ажырасуы сияқты факторлар қылмыстық мінез-құлық генезисінде аса айқын байқалып отыр.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша әрбір 5-ші бала (20% астамы) некеден тыс туылады. Толық емес отбасылар саны өсу үрдісіне ие болып отыр. Егер 2009 жылы мұндай отбасылар 11,3 %-ды құраса, 2014 жылы - 14,9% болды.

Құқық қорғау органдарында 13 мыңнан астам қолайсыз отбасы есепте тұр. Қолайсыз отбасыларда тұратын мұндай балалардың ұлғайып отырғаны байқалады. Мәселен, Павлодар облысында 805 отбасында осындай 1494 бала тұрады (салыстыру үшін 2013 жылы 836 отбасында – 1130 бала болған);

Алматы облысында – 950 отбасында – 1817 бала (2013 жылы – 963 отбасында – 1790 бала), Қостанай облысында 1144 отбасында 1300 жуық бала тұрып жатыр.

Көрсетілген жағдайлардың теріс ықпал етуімен қатар, құқыққа қарсы мінез-құлықтың басты себебі болып табылатын және оқушылар арасында құқық бұзушылықтардың орын алуында елеулі орын алып отырған толық емес қолайсыз отбасыларындағы тәрбиенің кемшін тұстары мен жіберілген олқылықтары өзіне назар аудартып отыр. Жасөспірімдерге өз қарым-қатынастарымен және мінез-құлқымен дөрекілік, қатыгездік, мінез-құлық нормаларын құрметтемеу және басқа да теріс мінездер қалыптастыратын мұндай отбасылардағы дау-дамайға толы ахуал оларға зиянды ықпалын көп тигізуде.

Оқушылар арасынан құқық бұзушы жасөспірімдерді қалыптастыратын қолайсыз жағдай ретінде танылатын көрсетілген кемшін тұстар мен жіберілген олқылықтардың криминогендік маңызы тұлғаны зерделеу және осы негізде мақсатты бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асыру кезінде ескерілуі тиіс.

5. Бос уақытты өткізу қызметі арқылы тұлғаның әлеуметтенуінде қосымша білім беретін педагогтың рөлі

Балаларға қосымша білім беретін педагог – әртүрлі бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыра отырып, мектеп оқушыларын көркемөнер, техникалық, спорттық қызметке тартумен, олардың таланты мен қабілетін дамытумен тікелей айналысатын маңызды мамандардың бірі.

Қазіргі заманғы педагог білім алушылардың қосымша білімін алуын жүзеге асырады, нормативтік құқықтық базаға («Бала құқықтары туралы конвенция», Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» (19-бап), «Білім туралы» (1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптар), 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдары (12-бап),

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары, Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар және басқалары) сүйене отырып, олардың алуан түрлі шығармашылық қызметін дамытады.

Қосымша білім беретін педагог, ең алдымен, өз жұмысын балаларға бағыттауға, коммуникативтік қасиеттерге ие болуға, өз тәрбиеленушілерімен әріптестік қарым-қатынаста болуға ұмтылуға; авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін жеткілікті білімі болып, өз қызметінде алуан түрлі педагогикалық құралдар мен тәсілдерді, инновациялық технологияларды пайдалануды меңгеруге; техниканы, зерттеу жұмысын, оны ұйымдастыру мен талдауды меңгеруге тиіс.

Республикада оқушыларды сабақтан тыс уақытта іспен айналысуын ұйымдастырумен 70 мыңнан астам мамандар айналысады:

- 52 мыңға жуық мектеп үйірмелерінің жетекшілері;
- 19 мыңнан астам балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтары, олардың ішінде:
 - жоғары педагогикалық білімі бар педагог – 12701, 64,3 % (2014–10970, 59,6 %);
 - орта педагогикалық білімі бар педагог – 2263, 11,5 % (2014–2698, 14,7 %);
 - жоғары бейінді білімі бар педагог – 3187, 16,1 % (2014 ж -2800, 15,2 %);
 - орта бейінді білімі бар педагог – 1565, 7,9% (2014 ж - 1787, 9,7 %);
 - білімі жоқтар – 43, 0,2 % (2014 г -147, 0,8 %).

Әрбір мүшесі өзінің кәсіптік борышын сезінетін педагогикалық ұжымның педагогикалық сауатты, жолға қойылған және мақсатты бағытталған жұмысы қосымша білім беру ұйымдарындағы оқу процесінің нәтижелілігіне ықпал ететін жетекші факторлардың бірі болып табылады.

Қосымша білім беретін педагог :

1. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қосымша білім алуын жүзеге асырады, олардың алуан түрлі шығармашылық қызметін дамытады.

2. Үйірмеде, секцияда, студияда, клубтық және басқа да балалар бірлестігінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) құрамын жасақтайды және оқыту мерзімі ішінде оларды сақтап қалу жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Психологиялық-физиологиялық орындылық тұрғысынан

жұмыс істеу (оқыту) нысандарының, құралдары мен әдістерінің педагогикалық негізделген түрде тандалуын қамтамасыз етеді.

4. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) құқықтары мен бостандығының сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, олардың орындалу сапасына, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) өмірі мен денсаулығына жауапты болады.

6. Сабақтардың жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

7. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) шығармашылық қабілеттерін анықтайды, оларды дамытуға, орнықты кәсіптік қызығушылықтар мен бейімділіктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

8. Дарынды және талантты білім алушыларға (тәрбиеленушілерге), оның ішінде девиантты мінез-құлықты және дамуында ауытқуы бар балаларға қолдау көрсетеді.

9. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады.

10. Өз құзыреті шегінде ата-аналарға (оларды алмастыратын адамдарға), сондай-ақ педагог жұмыскерлерге консультативтік көмек көрсетеді.

11. Сабақтар өткізу кезінде еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғау қағидалары мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

12. Әдістемелік бірлестіктер қызметіне және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына қатысады.

13. Өзінің кәсіптік біліктілігін арттырады.

Осы мамандықпен тікелей байланысты үш маңызды ұғым – «Еңбек, шығармашылық, талант».

Қосымша білім беретін педагог мынадай жеке қасиеттерге ие болуға тиіс:

кішіпейіл және қайырымды;

балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсіне білу;

интеллектуалды даму деңгейі жоғары;

қызығушылықтары мен машықтары ауқымының кең болуы;

балаларды оқыту мен тәрбиелеуге байланысты алуан түрлі міндеттерді орындауға дайын болу;

белсенді болу;

өзілді түсіне білу;

шығармашылық әлеуеті бар;

икемділік таныту, өз көзқарастарын қайта қарауға және өзін-өзі үнемі жетілдіруге дайын болу.

Қосымша білім беру жүйесіндегі балалар тұлғасының дамуына ықпал ететін неғұрлым маңызды факторлардың ішінде педагогтық

кәсібилік аса маңызды болып табылады.

Жасына, жынысы мен үлгеріміне қарамастан, жасөспірімдер қосымша білім беретін педагогтың: «көп біледі - 76%; кішіпейіл және ілтипатты - 74%; еңбек сүйгіш - 73%; қайырымды, әділ - 72%; қызықты, жан-тәнімен түсіндіреді - 69%; сабақты түсіндірген кезде кімнің түсінбегенін көріп, көмектесуге асығады - 61%; көңілді мінезді - 61%; ата-аналарға шағымданбайды - 58%.» деген сияқты сипаттамаларына көңіл бөлетінін ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отыр.

Жоғары сынып оқушыларының педагогқа қатысты бағалау талаптары жоғары. Олар педагогтың моральдық қасиеттері мен интеллектуалдық қабілеттеріне, оның толыққанды өзара іс-қимыл жасай білуіне көп көңіл бөледі. Қосымша білім беретін педагогты көбіне құзыретті, өз жұмысын жақсы көретін адам ретінде қабылдайды. Ол білім алуға шығармашылық тұрғыдан қарайды және баланың қабілеттерін анықтауға, оны қолдауға, пәндерден сабақ беретін педагогтар мен ата-аналардың тарапынан жетіспей жататын көңіл бөлудің орнын толтыруға тырысады деп түсініледі. Оның психологиялық бейнесін көмекшінің, ата-аналар мен әркімнің өз досының қасиеттері толықтырады. Дегенмен, педагогтың белсенді болмай, еңбек сүйгіш адам емес ретіндегі теріс бейнелері де кездеседі, бұл оқушылардың теріс жеке тәжірибесімен түсіндірілуі мүмкін.

Қосымша білім беретін педагогтың бейнесі жалпы педагог бейнесіне ұқсас, бірақ өз құрылымы мен мазмұнының ерекшелігі болады. Жасөспірімдер, бірінші кезекте, педагогтың мәдениетіне, эридуциясына, оның практикалық машықтарының деңгейіне көңіл аударады. Сонымен қатар оқушылар бейнесінде бірден тәрбиешінің принципшілдігі, талап қоя білуі, оқытушының өз жұмысына деген көзқарасы сияқты құрамдауыштар туындайды. Педагог бейнесіндегі моральдық қасиеттер де: оның кішіпейілдігі, ілтипаты, әдебі маңызды болып табылады.

Қосымша білім беретін педагог мыналарды түсінуге тиіс:

1. Қосымша білім беру жүйесінде білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтік функциялар атқарылады, балалар қызметі мен салауатты өмір салтының әлеуметтік-педагогикалық модельдері әзірленіп, енгізіледі, балалардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың, қатер тобындағы балалардың дарындылығын, бейімделуі мен әлеуметтенуін дамыту бағдарламалары іске асырылады.

2. Тұлғаны дамыту уәждемесін қалыптастыруға, әрбір балаға табысқа жетуге жағдай жасауға, оның тұлғалық қадір-қасиеттерін нығайтуға арналған балаларға қосымша білім берудің педагогикалық әлеуеті зор.

3. Қосымша білім беру қызметінің алуан түрлі нысандары бар бос уақытты өткізуді ұйымдастыру түрлерін үйлесімді біріктіруге

ұмтылады, құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз қалудың және балалар мен жасөспірімдер ортасындағы басқа да теріс құбылыстардың алдын алудың маңызды ресурсы ретінде қызмет етеді.

Сипаттап айтқанда, қосымша білім беруді қоғамдық тамырда өсіп тұрған және оған өз жемісін беретін ағаш түрінде елестетуге болады. Әрбір бірлестік – осы ағаштың діңгегіндегі жеке бұтақ. Ал әрбір жапырағы – бұл өз ойы, сезімі мен қылқы бар жекелеген оқушы. Бұл ағаштың жемісі – оқушылар тұлғасының моральдық-психологиялық қасиеттері. Жақсы педагог өз бағындағы жеміс ағаштары жақсы көгеріп, олардың жапырақтары уақытынан бұрын түспей, жемісі айналасындағыларды қуанту үшін қам жасайтын бағбанға ұқсайды.

Әрбір қызметтің, егер оның нәтижесінде белгілі бір өнім алынбаса немесе қандай да бір жетістікке қол жеткізілмесе, мағынасы болмайды. Қосымша білім беретін педагогтың жеке жоспарында белгілі бір уақыт ішінде қол жеткізілуге тиіс нәтижелер тізімі міндетті түрде болуға тиіс.

қосымша білім беретін педагог қызметінің нәтижелерін жинақтап бағалау құралдарының бірі портфолио болып табылады, ол мыналардан тұрады:

визитка (қосымша білім беретін педагог туралы деректер);

лауазымдық нұсқаулық;

білім беру бағдарламасы;

күнтізбелік-тақырыптық жоспар;

бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету (жеке, жанашылдық технологиялар жөніндегі іс-шараларды, оқу құралын әзірлеу, дидактикалық материал, тарату материалы, кестелер, схемалар, макеттер, құралдар және басқалары);

әдістемелік, тәрбие жұмысының жоспарлары;

оқу журналы;

қауіпсіздік техникасының қағидалары, экскурсиялар, жорықтар және т.с.с. өткізу жөніндегі нұсқаулықтар;

сабақтар, каникул кезіндегі жұмыстар, ашық, қорытынды сабақтар кестесі;

оқушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған күні, үйінің мекенжайы, ата-аналар және т.с.с. туралы мәліметтер т.д.);

оқушылардың денсаулық жағдайы туралы анықтамалар (спорт, цирк, би және басқалары);

іс-шаралар сценарийлері, жеке сөз сөйлеулер мәтіндері;

көпшілік және тәрбие жұмысының жүргізілуін (жеке, үйірмемен жұмыс, балалардың тізімі, саны, белсенділік деңгейі, көрмелерге, экскурсияларға, жорықтарға және басқаларына бару) есепке алу

оқушылардың тұлға ретінде және жұмысында өсу материалдарының жинағы (сауалнамалар, балалардың дамуын

психологиялық-педагогикалық бақылау: а) немен жұмыс істеу керек және неге ұмтылу қажет екендігін бақылау, фактілер, б) өзгерістер, в) қандай нәтиже алынды, г) құрамның тұрақтамауы, оқушылардың шығармашылық кітапшалары, диагностикалық карталар (білімін, машықтары мен дағдыларын есепке алу);

оқушылар жұмысының нәтижелері жөніндегі құжаттар (балалардың грамоталары мен басқа да наградаларының көшірмелері); жылнама, фотоматериалдар және т.б.;

бір жылдағы қызметті талдау;

қосымша білім беретін педагог қызметінің нәтижелілігі (куәліктер, сертификаттар, грамоталар, наградалар).

Қосымша білім беретін педагог – ерекше мамандық, өйткені оның қасында үнемі көп адамдар: оқушылар, ата-аналар, жұмыстағы әріптестері болады. Ол – өз мамандығын терең меңгерген, ғылымның немесе өнердің тиісті салаларымен жақсы таныс, жалпы психология, әсіресе балалар психологиясының мәселелерін жете білетін, оқыту және тәрбиелеу әдістемесін толық меңгерген мәдениеті жоғары маман. Педагогтың оқу-тәрбиелеу жұмысын жобалай білуі педагогикалық шеберлік көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қосымша білім беретін педагог қызметіндегі интеграцияланған тәсіл баланың тұлғасын жетілдіру жолдарының бірі болып табылады, бұл баланың бойында алуан түрлі қабілеттерді, айналасына оң көзқараспен қарауды, өз негізінде қызметтің өнімді түрлерінде неғұрлым мықты дамытын адамгершілік құндылықтарды, алуан түрлі машықтарды дамытуды болжайды.

Бос уақытты өткізу қызметі арқылы тұлғаның әлеуметтенуінде қосымша білім беретін педагогтың рөлі орасан зор.

Мінез-құлық ауытқуларының алдын алу үшін балаларға қосымша білім беру өз болмысынан мынадай маңызды әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерге ие:

1. Еріктілік, қызығушылық пен қажеттілікке ғана сүйенетін міндеттілік пен мәжбүрлеу жүйесінен бас тарту.

2. Білім беру стандарттарымен шектелмейтін адамның барлық қызмет салаларын қамту.

3. Жеке өзін-өзі көрсетуде және өзін-өзі кәсіптік айқындауда, тұлғаның даму мүмкіндіктерінің кеңею өрісін қалыптастыруда бағдар беру.

4. Ценздің болмауы – жасына байланысты, білімдік, әлеуметтік ценз.

5. Балалар мен ересектер қоғамдастықтары мектеп пен отбасындағы ұқсас қарым-қатынастардан ерекшеленетін қарым-қатынастардың ерекше жүйесін құрады.

6. Өзара іс-қимыл жасаудың айқын көрінетін тұлғалық-

қызметтік сипаты.

7. Отбасы мен негізгі білім беру кемшіліктерінің орнын толтыру.

8. Білімдік және әлеуметтік жетістіктер үшін, оның ішінде дамуында ерекшеліктері бар балалар, өмірлік қиын жағдайдағы балалар сияқты санаттар үшін баламалы мүмкіндіктер.

9. «Қателік жасау құқығын» сақтау, «табысқа жету жағдайын» қалыптастыру.

Ашық әлеуметтік жүйе ретінде балаларға қосымша білім берудің икемділігі көшбасшылық қасиеттерді, әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыру және ғылыми-техникалық, көркемөнер, экологиялық-биологиялық, денешынықтыру-спорттық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, жаратылыстану-ғылыми салаларда және өз қалауы мен қажеттілігіне сәйкес баланың өзі немесе ересек адамның көмегімен таңдайтын басқа да білім беру қызметі саласында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жағдайын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іске асырылуы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына жәрдемдесуге, балалар мен жастар проблемаларының алдын алуға және оларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған мынадай әлеуметтік-педагогикалық технологиялар қосымша білім беретін педагогтың жұмысында басым болатынын талдау көрсетіп отыр:

1. *Профилактикалық әлеуметтік-педагогикалық қызмет технологиялары.* Аталған технологияларды алуан түрлі бағыттағы шығармашылық бірлестіктердегі қосымша білім беру бағдарламалары бойынша жеке білім беру қызметіне жатқызған жөн. Баланың жеке және әлеуметтік маңызы бар істерде өзін-өзі көрсетуі, оны айтарлықтай күш жұмсауды және эмоцияны қажет ететін және әсіресе ұжымға бейімделу қиынға соғатын балалар үшін әлеуметтік емес және ауытқушылық мінез-құлыққа балама болатын қызмет түрлеріне тарту мүмкіндігі оң өмірлік ұстаным болады.

Энергияны әлеуметтік қолайлы мақсаттарға қол жеткізуге, шығармашылыққа қайта бағыттаудың көмегімен ішкі күйзелісті азайтуға белсенді қызмет мүмкіндік береді. Шығармашылық пен алуан түрлі қызмет сыртқы ортаның теріс әсеріне қарсы тұратын тұлға ресурстарын жандандыруға ықпал етеді.

2. *Волонтерлік қызметті ұйымдастыру технологиялары.* Кейіннен көбіне волонтерлік іс-шаралардың ұйымдастырушылары мен үйлестірушілеріне айналатын жасөспірімдердің, жоғары сынып оқушыларының қосымша білім беру ұйымдарында әлеуметтік қалыптасу міндеттерін шешудің маңызды құралы волонтерлік қызметті ұйымдастыру технологиялары болып табылады.

3. *Әлеуметтік жобалау технологиясы.* Әлеуметтік жобалау жасөспірімдердің әлеуметтік бастамашылығын дамыту құралдарының

бірі ретінде волонтерлік қызметпен қатар қаралады. Әлеуметтік жобалау мектеп оқушыларының әлеуметтік маңызы бар қасиеттерінің дамуына, олардың бойында белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыруға ықпал етеді.

4. *Балалар қоғамдық бірлестігін ұйымдастыру технологиясы.* Қосымша білім беру ұйымдары көбіне балалармен және жастармен жұмысты идеологиялық құрамдауыштан басқа, айтарлықтай әлеуметтік-педагогикалық функциялар атқарған пионер және комсомол ұйымдары түрінде ұйымдастыру дәстүрін сақтап қалған. Қазіргі заманғы әлеуметтік-педагогикалық ғылым өзін-өзі басқаруды және балалар ұжымын ұжым тәрбиесін дамытудың оң теориясы мен практикасын жалғастырып келетін, балалардың оң әлеуметтенуі, азамат ретінде қалыптастыру арқылы білім беру ұйымдарындағы балалардың әлеуметтік тәрбиесін практикада іске асыру нысаны ретінде қарастыруды жалғастыруда.

5. *Салауатты өмір салтын қалыптастыру технологиялары және денсаулықты сақтау.* Қосымша білім берудегі нысандардың мынадай ерекшеліктері болуы мүмкін:

1) балалар бірлестіктерінің жұмысына бірлестіктің тақырыбына тікелей қатысы бар, қызығушылықтарға байланысты денсаулық, салауатты өмір салты тақырыптарын енгізу;

2) балалар бірлестіктерінің білімдік қызметіне бұл қызметпен байланысты емес, бірақ өмір салтының қазіргі уақытта аса өзекті (мысалы, зиянды әдеттер, адамгершілік проблемалары және т.б.) тақырыптарын, сондай-ақ гигиеналық тәрбие жүйесіне дәстүрлі түрде кіретін салауатты өмір салты тақырыптарын қосу;

3) балалар бірлестігіндегі немесе балалар шығармашылығы орталығындағы салауатты өмір салты тақырыптарына арналған ортақ акциялар.

Қосымша білім беретін педагог жоғарыда аталған технологияларды ескере отырып, мектеп мұғалімдерімен, ата-аналармен бірлесіп баланың шығармашылық тұрғыдан дамуы, балалар мен ата-аналар арасында өзара жылы қарым-қатынастарды, оның шартсыз құндылығын мойындау, баланы қандай болса, сондай етіп қабылдау ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Отбасы, мектеп, қосымша білім беру ұйымдары баланың жаңалыққа – жаңа әсерлерге, өзін-өзі танытудың жаңа нысандарына қажеттілігін қалыптастыруға арналған. Ата-аналарды, Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қызметкерлерін бос уақытты өткізу қызметіне, бірлескен мерекелерге, туржорықтарға тарту эмоциялық көңіл-күйді көтеріп, оқушылардың әлеуметтенуіне және қоғамдағы өмірге бейімделуіне, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мысалға, жоғары санатты қосымша білім беретін педагог Огилько Галина Михайловна «Аршалы аудандық балалар шығармашылық орталығы» МКҚК жиырма жылдан бері «Саз ойыншық» үйірмесінің мүшелерін ғажайып ертегі әлеміне енгізеді. Кішкентай сиқыршылар сазды өздері өндіріп, табиғи материалдан ертегі кереметтерін жасайды. Жұмыс процесінде олар уақыттың қалай өтіп кеткенін де байқамайды. Ертегі мен ертегі кейіпкерлері жандүниенің парасаттылығы, адамдар қайғысына, бақытсыздығына және күйзелісіне жанашырлық таныту онсыз болмайтын эстетикалық сезімдерді дамытуға ықпал етеді. Ертегінің арқасында, балалар қоршаған ортаны ақылмен ғана емес, сондай-ақ жүреппен де сезіне алады.

Өлкетану жұмысы процесінде балалар шынайы өмірмен, нақты өмірлік жағдайлармен бетпе-бет келетін, қиындықтарды еңсеретін өлкетану жұмысы мектеп оқушыларының әлеуметтену факторларының бірі болып табылады, бұл олардың адамгершілік тәжірибесін иеленуіне ықпал етеді. Өлкетану сипатындағы ойындар, жарыстар арқылы оқушының ұжымдағы өз беделін көтеруге ұмтылысы, туған өлкеге, оның объектілеріне деген қызығушылығы дамиды.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтардың инновациялық қызметінің арқасында білімнің мазмұны мен басқару жүйесі жетілдіріліп, заманауи педагогикалық технологиялар енгізіледі, балаларға тұлғалық бағдарланған түрде қарау негізінде балалармен жұмыс жүйелері құрылады.

6. Өңірлік білім беру, ғылыми, мәдени, спорттық, қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың инновациялық желісін құру жөніндегі ресурстық орталық ретінде мектептен тыс ұйымның рөлі

Мектептен тыс ұйым – бұл бірыңғай білім беру кеңістігінде өз ерекшелігі мен міндеттері бар қосымша білім беру ұйымының түрі.

Ресурстық орталық ретінде қосымша білім беру ұйымдары – бұл балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастырудың жаңа моделі. Қосымша білім беру жүйесінің білім беру кеңістігін жетілдіру тәрбиеленушілердің әлеуметтену деңгейін арттыруға және өзгеріп отыратын әлем жағдайында оларды тиімді тұрмыс-тіршілікке дайындауға, балалар мен олардың ата-аналарының өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі кәсіптік айқындауға қажеттілігін қанағаттандыратын білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Балалар мен жастарға қосымша білім беру, оқушылардың мектептен тыс іспен айналысуы мен тұрғылықты жерінде іспен айналысуы балалар мен жасөспірімдердің дамуында, әлеуметтенуінде,

оның ішінде, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда басты буындардың бірі болып табылатынын түсіне отырып, ерте жастағы балалардың көбі өз қызығушылықтарына, қалауларына және әлеуеттеріне сәйкес белсенді түрде даму мүмкіндігіне ие болатындай етіп жағдай жасау мектептен тыс ұйым қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің іспен айналысуы саласында жоғары сапалы қызметтер көрсетуді ұйымдастыру үшін әртүрлі ресурстарды біріктіру мен топтастыру кез келген мектептен тыс ұйымның мақсаты болып табылады. Бұл, өз кезегінде, мынаны болжайды:

- балалар мен жасөспірімдердің іспен айналысуы мәселелері бойынша білім, мәдениет, спорт жүйесі ұйымдарының, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың, бизнес-құрылымдардың желілік өзара іс-қимыл жасауына бастамашылық жасау, ұйымдастыру және іске асыру;

- өз қызметін жоспарлау және қосымша білім беру қызметтеріне сұрау салуды негізге ала отырып, даму перспективаларын айқындау;

- балалардың бос уақыттағы қызметін ұйымдастыру бойынша халықтың әртүрлі санаттарына қызметтер көрсету;

- білім беру ұйымдарының педагогикалық жұмыскерлеріне білікті әдістемелік көмек көрсету;

- қосымша білім беру жүйесіне қашықтықтан білім беру технологиялары мен заманауи коммуникация құралдарын пайдаланумен ашық білім беруді қоса алғанда, білім беру технологияларының инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу, өзекті инновациялық жобаларды ғылыми сүйемелдеу;

- өңірлік қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу;

- балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі озық педагогикалық тәжірибе мен жетістіктерді зерделеу, жалпылау және тарату;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарын қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеуге қатысу және сынақтан өткізу;

- конкурстарды, байқауларды, шеберлік фестивальдарын әдістемелік сүйемелдеу;

- педагогикалық конференцияларды, семинарларды, практикумдарды және т.с.с. ұйымдастыру және өткізу;

- қосымша білім беру ұйымдарының жұмыс істеуінің барлық мәселелері бойынша консультациялық қызметті ұйымдастыру;

- мүдделі тұлғалар мен ұйымдарды балаларға қосымша білім беру жөніндегі тиісті статистикалық және ақпараттық материалдарымен қамтамасыз ету;

- балаларға қосымша білім беру жүйесінің мүмкіндіктері мен қызметі туралы халықты хабардар ету үшін ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану;

- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалардың ойдағыдай әлеуметтенуін қамтамасыз ететін жалпыға білім беретін және қосымша ұйымдар арасындағы желілік өзара іс-қимыл жасау спектрін кеңейту;

- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының немесе өзге де қоғамға қарсы іс-қимылдарының алдын алу.

Әлеуметтік әріптестіктің мұндай моделі мектептен тыс ұйымның әлеуметтік қауіпті жағдайдағы білім алушыларды бос уақытты өткізу қызметін қамтамасыз ету бойынша жалпы білім беретін ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауын қалыптастыруға, қадағалаусыз қалу проблемаларын, мыналар арқылы:

- кәмелетке толмағандардың рухани-адамгершілік тәрбиесі;

- тұлғалық маңызы бар ресурстарды өзектілендіру және балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі көрсетуі үшін педагогикалық жағдай жасау;

- олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру;

- әлеуметтік қарым-қатынастардың, қызметтің алуан түрлеріне қосу;

- әлеуметтік оңалту;

- қоғамға бейімдеу арқылы кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары проблемаларын шешуге бағытталған.

Балалардың әлеуметтену модельдерін жетілдіруге деген қажеттік осы жұмыстың барлығында да маңызы бар нәрсе. Субъектілер, әлеуметтену процесінің мазмұны мен бағыттары жөніндегі әлеуметтену модельдері сыныптамаларының топтарын атап көрсетуге болады:

1. әлеуметтену субъектілері бойынша:

- әртүрлі ұлт балалары,

- дарынды балалар,

- даму мүмкіндігі шектеулі балалар,

- отбасында проблемалар бар, әлеуметтік емес мінез-құлықты балалар;

2. әлеуметтену процесінің мазмұны бойынша:

- кәсіптік бағдар,

- әлеуметтік қолдау,

- сауықтыру,

- көшбасшылық қасиеттерін дамыту;

3. әлеуметтік тәрбие бағыты бойынша:

- рухани-адамгершілік тұрғыдан дамыту,

- патриоттық тәрбие,

- эстетикалық,

- төзімділік,

- азаматтық сәйкестік,

- мәдениаралық коммуникация.

Қоғам мен мемлекетте болып жатқан елеулі өзгерістер мектепті жаңарту, мектептен тыс ұйымдар жұмысында жаңа бағыттардың пайда болуы үшін жаңа жолдар іздестіруге алып келетіні сөзсіз. Мектеп қызметін демократияландыру, оның әртүрлі оқу жоспарлары мен бағдарламаларын пайдаланудағы дербестігі мектептің бағытын (не оның бейінді сыныптарын) айқындауда неғұрлым икемді тәсіл қолдануға мүмкіндік берді, бұл оқушыларға базалық оқу орнының алуан түрлерін таңдау мүмкіндіктерін ұсынды.

Соңғы жылдары мектептен тыс жұмыс орталықтары, балаларды дамыту орталықтары, ғылыми-техникалық шығармашылық орталықтары, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытты өткізу орталықтары айтарлықтай дамыды. Айталық, мысалы, 2016 жылы Астана қаласында жаңа Робот техникасы клубы өз есігін айқара ашса, Ақмола облысында Аршалы ЖТС базасында кордодром өз жұмысын бастайды.

Бала қоғамға жалғыз бір институт арқылы ғана емес, отбасы, сынып, мектептегі және мектептен тыс ұйымдардағы тұлғаның әлеуметтену процесінде өзіндік ерекшеліктері бар клуб, үйірме, спорт секциялары сияқты қатарынан бірнеше институттар арқылы енеді.

Қосымша білім беру жүйесінің білім беру кеңістігін жетілдіру тәрбиеленушілердің әлеуметтену деңгейін арттыруға және өзгеріп отыратын әлем жағдайында оларды тиімді тұрмыс-тіршілікке дайындауға, балалар мен олардың ата-аналарының өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі кәсіптік айқындауға қажеттілігін қанағаттандыратын білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Республикада мектептен тыс ұйымдар базасында ресурстық орталықтар құру тәжірибесі бар. Мәселен, Астана қаласындағы Жас туристер станциясының тәжірибесі үлгі боларлықтай. Станция педагогтары білім беру ұйымдарымен, мемлекеттік органдармен өзара тығыз іс-қимыл жасайды. Шығармашылық еңбектің арқасында пікірлестер ұжымы ата-аналармен, тәрбиеленушілермен бірлесіп, астанада балалар туризмінің жұмыс істейтінін, сондай-ақ оның биіктерге ұмтылып, оларды бағындыра отырып, ойдағыдай дамып келетінін дәлелдей алды.

Станция жанында «Батыр» шатырлы лагері жұмыс істейді, онда жыл сайын 350-ден астам бала демалып, олар туризм дағдыларымен танысады, олардың 40%-ы – қолайсыз отбасының, «қатер» тобының балалары.

2015 жылдың өзінде Станция педагогтары 11 бұқаралық спорттық-туристік іс-шаралар өткізіп, 1200 мектеп оқушысын қамтыды, күрделілік дәрежесі әртүрлі 25 жаяу жорыққа шықты. Экскурсиялық қызмет көрсетумен бір жылда 800-ден астам мектеп оқушысы

қамтылды, олардың ішінде балабақшалар мен мектеп жанындағы лагерьлердің тәрбиеленушілері бар.

Станцияның жұмыс істеп жатқан 10 жыл кезеңінде 7 мыңнан астам үйірмешілерден 2203 оқушы «Жас турист» төсбелгісіне және 381 – «Қазақстан саяхатшысы» төсбелгісіне норматив орындады.

Жарқын, тартымды, күтпеген әрі ерекше іске қатысу оқушының дербестігі саласын айтарлықтай кеңейтіп, оған әртүрлі салада шығармашылық тұрғыдан көріне білуге мүмкіндік беретін осы істен басталатын қызығушылық жасөспірімнің кез келген жұмыспен айналыса бастауына ынталандырады. Мектеп оқушыларының қызметін оларды қажетті арнаға үйлесімді түрде бағыттап отырып, басшының жарқын әрі қайталанбас өзіндік тұлғасы мен оның «өз артынан» ілестіре білуі де сөзсіз ынталандырушы фактор болуы мүмкін.

Бастамашылық – жасөспірімдер мінезіндегі басты қасиет. Мысалға, Павлодар қаласында М.М.Катаев атындағы Мектеп оқушылары сарайында Қазақстандағы жалғыз Әлемнің балалар орталығы екінші жыл жұмыс істеп жатыр. Бүгінде бұл орталық елдің 58 филиалымен өзара іс-қимыл жасайтын Владимирова Әлем үйімен (Ресей) белсенді түрде ынтымақты жұмыс істейді. Әлем үйінің басты ұраны - «Болашақ адам үшін бірлесіп әрекет етейік».

Шымкент қаласындағы Мектеп оқушылары сарайында жоғары сынып оқушыларына арналған «Социум институты» бағдарламасы іске асырылуда, ол әртүрлі бағыттағы СӨС, шешендік өнер, психология, «Талантты жастар», құқықтану, «Креатив - студия», «Формат Е» факультеттерін қамтиды.

«Креатив - студия» факультеті қиялды, бастаманы, белсенділікті, қабілет пен шығармашылықты дамытады. Мектеп оқушылары сарайында жоғары сынып оқушыларымен эстетикалық тәрбие саласындағы жұмыс көптен бері жолға қойылған. Мұнда 4 студия – «Галатея», «Радуга», «Палитра», «Арабеска» жұмыс істейді. Студиялардың оқушылары қалалық және облыстық конкурстар мен көрмелерге ғана қатысып қоймай, сонымен қатар «Балалар әлемнің суретін салады (Қазақстан)», ЮНЕСКО-дан «Балалар әлемнің суретін салады (Орта Азия)» атты халықаралық конкурстардың жүлдегерлері, Алматы қаласындағы биеналенің қатысушылары болып табылады. Жүлдегерлердің жұмыстары бірнеше қайтара Балалар суреттерінің құрмет кітабына енгізілді.

Оқушылар сонымен қатар «Балалар есірткіге қарсы», «Балалар қылмысқа қарсы» атты әлеуметтік жобаларға белсенді қатысты, «Жерана – біздің ортақ үйіміз» конкурсының жүлдегерлері болып табылады. Студиялардың көптеген түлектері ҚР-ның және басқа да елдердің ЖОО-лары мен колледждеріне оқуға түседі.

Шешендік өнер факультетінде тұлғаның оң бағыты

қалыптасады, жоғары сынып оқушыларының қызықты танымдық, шығармашылық қызмет арқылы зияткерлік және рухани әлеуеті ашылады. Мектеп жастары қауымдастығының балалары факультетте дебат орталығын ашты, онда пікірсайыстар тұрақты түрде өткізіледі, облыс әкімінің жүлдесіне арналған дебаттарға, Нұр Отанның «Жас Отан» жастар қанатының турниріне қатысты.

Әділет жұмыскерлерінің арасынан құқықтану факультетінің педагогтары консультанттармен бірлесіп, жасөспірімнің азаматтық-құқықтық дағдыларының даму деңгейін қадағалайды, оларды заңгерлік мамандықтармен таныстырады, балалармен бірге Қазақстан Республикасының заңдарын оқып-үйренеді, ойын түрінде сот отырыстарын өткізеді, онда судьяның рөліндегі балалар Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі бойынша үкім шығарады.

СӨС факультетінде педагогтар спорттық мүмкіндіктерді дамытып, жетілдіреді, салауатты өмір салтына баулиды. Мектеп оқушылары сарайының спорт бөліміне «Авиамодельдік», «Карате-до», «Карате-до шотокан», волейбол, баскетбол, футбол, шахмат және т.с.с. үйірмелер мен секциялар кіреді.

Психология факультетінде жоғары сынып оқушыларын коммуникативтік тілдесуге, өзін-өзі басқару тәсілдеріне, тұлғалық қасиеттерін дамытуға үйретеді.

«Талантты жастар» факультеті шығармашылық қабілетті дамытып, 10 музыкалық, хореографиялық ұжымды қамтиды.

Қазіргі уақытта әлемде волонтерлік қозғалыс кеңінен танылып келеді. Бұл Қазақстанға да тән. 2015 жылғы қаңтардан бастап Темиртау қаласындағы «Әлем» Балалар мен жасөспірімдер орталығы жанынан «**Sunny side up**» волонтерлік орталығы ұйымдастырылды, оның тұрақты штатында 17 волонтер бар, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, уақытша волонтерлер де тартылады.

Орталық қызметінің өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерге тұлғаның танымдық, шығармашылық белсенділігін дамыту үшін көмек көрсету, балалардың бойында коммуникативтік дағдылар, ұжымда жұмыс істей білуді, проблемаларды бірлесіп шеше білуді, таңдау жасау жағдайында шешім қабылдау мен іс-әрекеттерге дайын болуды қалыптастыру миссиясы оның әлеуметтік маңыздылығын білдіреді. Волонтерлер әлеуметтік волонтерлік қызмет арқылы жасөспірімдердің бойында адамгершілік және гуманистік қасиеттерді тәрбиелейді.

Орталықтың ортақ міндеті – Темиртау қаласының аумағында өмірлік қиын жағдайға ұшыраған отбасыларға, балаларға, жасөспірімдерге қолдау көрсету жөніндегі қайырымдылық бағдарламалар кешенін іске асыру.

Бұл бағытта Өскемен қаласындағы Оқушылар шығармашылығы

сарайының девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс істеу бойынша оң тәжірибесі бар. Педагогикалық ұжым КТК қозғалысы арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтенуіне қол жеткізеді.

КТК іс-шаралары әрбір ойыншының КТК-дағы тұлғалық шығармашылығын дамытуды, мектептегі КТК командасының қызметі шеңберінде топтық және ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастырады.

Оқушылар шығармашылығы сарайының акцияларына қатысатын қиын жасөспірімдер пайызы жылдан жылға өсіп келетінін атап өткен жөн, көбіне іс-шараларға ара-тұра қатысатын мұндай балалар кейіннен барлық істердің белсенді қатысушыларына айналады.

Қарағанды қаласындағы Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер сарайы жұмысының тәжірибесі қызықты, осы ұйым базасында балалар мен ересектерге қосымша білім беретін оқу-әдістемелік ресурстық орталық жұмыс істейді. Білім беру процесі мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады: бейіналдыңғы дайындық, бейіндік оқыту, кәсіптікке дейінгі оқыту. Таңдап алынатын курстар, күндізгі, сырттай және қашықтықтан оқыту нысанындағы қолданбалы курстар; сессиялар, шығармашылық конкурстары; кәсіптік сынақтар; оқу және әлеуметтік практика және басқалары білім беру процесін іске асырудың негізгі тетіктері болып табылады.

Білім беру процесін тиімді іске асыру үшін ресурстық орталықтың басқару тетігі – Үйлестіру Кеңесі пайдалануға берілді.

Тұлғаның шығармашылық дамуына, табиғи мүмкіндіктерін, бейімділіктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, өнер және мәдениет саласында өзін-өзі кәсіптік айқындау, негізгі білім алатын жеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуі үшін қажетті базалық құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін жағдайлар жасау Қарағанды қаласындағы «Ресурстық қосымша білім беру орталығы» – № 2 Өнер мектебінің негізгі бағыттары болып табылады.

Ресурстық орталық, тірек өнер мектептерінің ресурстарын пайдалана отырып, оған кіретін білім беру ұйымдары базасында барлық балалардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес олардың көркемдік-эстетикалық даму жағдайларын қамтамасыз ету үшін құрылған. Бұл ретте әрбір мектептің заңдық, яғни әкімшілік және экономикалық дербестігі сақталады. Басқаша айтқанда, дербес мектептер ретінде қала отырып, Ресурстық орталық жағдайында балаларды тәрбиелеу мен шығармашылық дамытуға бағытталған мектептен тыс, сыныптан тыс жұмыс саласындағы ресурстар шоғырландырылады.

Әрбір мектеп білім беру процесін өз бетінше жүзеге асырады, бұл ретте, мектептің ресурстық орталығының білім беру кеңістігінде

балаларды өнердің алуан түрлі бағытына үйретуді қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін орындайды. Өнер мектебі педагогтармен және оқыту құралдарымен қамтамасыз етіліп, білім беру қызметтерін ұйымдастырғаны үшін жауапты болады. Жалпы білім беретін мектеп білім алушыларды бағыттады және сабақ өткізуге үй-жайлар береді.

Жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, мәдениет орталықтары сияқты әлеуметтік әріптестер белсенді рөл атқарады.

Ресурстық орталықты Үйлестіру Кеңесі басқарады. Шығармашылық топ «Ресурстық қосымша білім беру орталығының» – № 2 Өнер мектебінің тәжірибелік-сараптамалық жұмыс бағдарламасын, Ресурстық қосымша білім беру орталығы туралы ережені және басқаларын әзірледі.

Ресурстық орталық ретінде Павлодар қаласындағы Балалар мен жасөспірімдердің экология және туризм орталығының жұмыс тәжірибесі қызықты.

Балалар мен жасөспірімдердің экология және туризм орталығы (БЖЭТО) қосымша және негізгі білімді біріктіру арқылы әлеуметтік әріптестікті дамыту тұжырымдамасын әзірлеп, мектептерге ұсынды. Бастама қолдау тауып, екіжақты шарт негізінде 25 мектепте және интернаттарда БЖЭТО филиалдары ашылды.

Тұжырымдама балаларға жалпы орта және қосымша білім беру интеграциясының бірнеше модельдерін ұсынады.

Біржақты өзара іс-қимыл жасау моделі. Мектептер базасында, сол сияқты Орталық базасында өз бетінше жұмыс істейтін үйірмелердің, секциялардың, клубтардың қызметі. Өкінішке орай, бұл – неғұрлым көп таралған модель. Жалпы білім беретін мекемедегі қосымша білім берудің мұндай нұсқасының өзіндік мағынасы бар, өйткені ол балалардың іспен айналысуына және олардың мүдделері ауқымын айқындауға ықпал етеді.

25 мектептен Павлодар қаласының 15 білім беру ұйымы осы модель бойынша жұмыс істейді.

Интеграциялық өзара іс-қимыл жасау моделі. Аталған модель мектептің білім беру жүйесінің жалпы даму бағдарламасына оның құрамдас бөлігі ретінде кіретін бірлесіп әзірленген қосымша білім беруді дамыту бағдарламасы негізінде біртұтас білім беру кеңістігін құруды бастауға мүмкіндік береді. Бұл модельде Орталықтың ресурстық мүмкіндіктері (материалдық-техникалық база, кадрлар, ақпараттық, бағдарламалық-әдістемелік) мен осы білім беру бағдарламалары іске асырылатын мектептер тең пайдаланылады.

Бұл модельде алуан түрлі нысандар: Орталық базасында, сол сияқты осы модельмен жұмыс істей бастаған № 9,34,41 қалалық мектептер базасында элективтік курстар, экологиялық лекторийлер, жобалау-зерттеу қызметі, НОУ жұмысы, оқу-өндірістік, экологиялық-

өлкетану, туристік практикумдар мен экскурсиялар пайдаланылады.

БЖЭТО-да «Зерттеу қызметіне кіріспе» (5-сынып), «Зерттеу қызметін ұйымдастыру негіздері» (8-10-сыныптар), «Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі», «Жас экскурсияшы», «Мектеп туризмінің нұсқаушысы» тақырыптарына элективтік курстар әзірленді. «Су – тіршілік көзі», «Өсімдіктер әлемінде», «Жасыл ғаламшар» жаратылыстану пәндері бойынша білімдерін тереңдететін экологиялық лекторийлер.

Экологиялық-өлкетану практикумдары, археопалеонтологиялық экспедиция ұйымдастырылып, Орталық мұражайымен бірлесіп өткізіледі. Өңірлік құрамдауышты пайдалана отырып, тарих, география, биология пәндері бойынша басты құзыреттер практикада қолданылып жүр. Оқушылар ғылыми-зерттеу қызметінің негіздері бар мамандыққа дейінгі экскурсияшы, мұражай жұмыскері, зерттеуші дағдыларын иеленеді.

Орталықтың экологиялық-ботаникалық кешені базасында оқу-өндірістік практикумдар, практикалық сабақтар, экскурсиялар ұйымдастырылып, өткізіледі.

Аталған кешенді пайдалану зерделенетін құбылыстар мен заттар туралы терең түсінікті қамтамасыз ете отырып, осылар туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал етеді, барлық жас тобындағы оқушыларға жергілікті және шет жердегі флора өсімдіктерін зерделеуге, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту жұмысын жүргізуге көмектеседі. Оқушылар мамандыққа дейінгі агроном, бағбан, гүл өсіруші, ландшафт дизайнері, жылыжай шаруашылығының жұмыскері дағдыларын, ғылыми-зерттеу қызметін негіздерін иеленеді.

Экотуристік практикумдар туристік-жаттықтыру базасында, сол сияқты жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар нысанында өтеді. Әрине, аталған нысан денсаулықты күту, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық сияқты дамушы құзыреттерді қалыптастыратын тиімді кешенді құрал болып табылады.

Жобалау-зерттеу және табиғат қорғау қызметі үш бағыт бойынша (экология, туризм, өлкетану) барлық 25 мектепті қамтиды.

Қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау моделі.

Мектептерде қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажеттілік болған, қосымша білім беру мамандары болмаған немесе жетіспейтін жағдайларда, аталған модель неғұрлым тиімді. Бұл модель тиісті кадр әлеуеті бар қосымша білім беру ұйымдарының тиісті алуан түрлілігі жоқ ауылдық аймақтағы мектептермен жұмыста пайдаланылады. Іске асыру екі бағытта: оқушылармен жұмыс және педагогтармен жұмыс бойынша жүргізіледі.

1. Орталық оқушыларға ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге, тақырыптар мен ғылыми жетекшілер таңдауға көмектесетін сырттай

оқу нысанындағы экологиялық-өлкетану мектебінің жұмысы шеңберінде қашықтықтағы элективтік курстар ұсынады.

2. Виртуалды әдістемелік кабинет интернет-конференциялар, консультациялар, семинарлар, практикумдар, мастер-кластар, біліктілік арттыру курстары, жұмыс тәжірибесімен алмасу, ақпараттық-баспа қызметі нысанында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтарға нұсқаулық-әдістемелік көмек көрсетеді.

Әлеуметтік әріптестік моделі. Бұл модельде Экология және туризм балалар мен жасөспірімдер орталығының мектептермен, колледждермен, ЖОО-лармен, мәдениет, денсаулық сақтау, туризм және спорт ұйымдарымен, экологиялық және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен интеграциялық өзара іс-қимыл жасау дәрежесінің жоғары екені байқалады. Мұның барлығы әрбір баланың тұлғалық жан-жақты дамуы, оның өзін-өзі айқындау жолдарын іздестіруге ықпал ететін білім беру кеңістігінің жаңа түрін қалыптастыру үшін нақты негіз қалыптастыратын білім беру ресурстарын тарту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Экология және туризм орталығында резервтер жинақталып, ынтымақтастық жолға қойылған, интеграция жағдайында үздіксіз білім беру кеңістігі жүйесін құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық-әдістемелік және техникалық қамтамасыз ету бар.

Жоғарыда тізбеленген модельдерді іске асыру оқушылардың негізгі және бейінді пәндер бойынша құзыреттерін кеңейтеді, оларға деген қызығушылықты едәуір арттырып, ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырады, балалардың өмірде өзін-өзі айқындауға дайындығының сапалы деңгейін арттырады, қазіргі заманғы жағдайдағы өмірге бейімделуге көмектеседі.

Осылайша, біз мектептен тыс ұйымның ресурстық орталық ретінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытта іспен айналысуын қамтамасыз ету үшін тиімді көмек көрсететінін көріп отырмыз.

Қорытынды

Қазақстандағы мемлекеттік саясат стратегиясы тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және шығармашылық дамытудан басқа, балалардың іспен айналысуын, өз-өздерін көрсетуі мен әлеуметтік бейімделуін, қадағалаусыз қалудың, балалар арасындағы құқық бұзушылықтар мен басқа да әлеуметтік емес құбылыстардың алдын алуды қамтамасыз ету сияқты бірқатар әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін қосымша білім беру жүйесінің дамуына едәуір серпін береді.

Жасөспірімдердің бос уақытта іспен айналысуы – балалық шақтағы әлеуметтік институттардың бірі, жалпы адами және ұлттық құндылықтарда тәрбиеленген білімді тұлға қалыптастыру мақсатында балалар үшін құрылған және солар үшін жұмыс істеп жатқан құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңызды ресурс.

Әдістемелік ұсынымдардың негізгі мақсаты қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жетекшілері мен педагогтарына, ата-аналарға жасөспірімдердің сабақтан бос уақыттарында пайдалы іспен айналысуын ұйымдастыру үшін көмек көрсетуге бағытталған.

Бүгінгі әлеуметтік-мәдени жағдайда балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты қоғамдық саналы қажеттікті білдіреді және жастар мен жалпы қоғамның шығармашылық және рухани әлеуетін өз бетінше көрсете білуі орын алатын бос уақытта мәдени демалудың неғұрлым ауқымды саласына айналуға.

Ғалымдар бос уақытты пайдалану нақты жас адам тұлғасының немесе әлеуметтік топ мәдениетінің, рухани қажеттіліктері мен қызығушылықтарының өзіндік көрсеткіші болып табылатынын дәлелдеді.

Сондықтан да жасөспірімдердің бос уақытты сапалы өткізуін ұйымдастыру маңызды мемлекеттік міндет болып табылады.

Мәдени құндылықтарды меңгеру, жаңа нәрселерді танып-білу, шығармашылық, денешынықтыру және спорт, саяхаттар, компьютерлік ойындар және тағы басқалары – міне бос уақытта бала айналыса алатын істер осындай. Бұл сабақтардың барлығы бос уақытты жеке өткізе білу мәдениетінің қол жеткізілген деңгейін көрсетеді.

Осылайша, бос уақытты өткізу – бұл тұлғаның, топтың немесе жалпы қоғамның адам денсаулығы мен рухани байлығын сақтау, қалпына келтіру және дамыту, ой-санасын жетілдіру үшін пайдаланылатын әлеуметтік уақытының бір бөлігі.

Осы айтылғанның бәрінен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда бос уақытты мазмұнды өткізу қызметі негізгі шарт, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық, зияткерлік әлеуетін қалыптастыру бастамасы, кәмелетке толмағандарды кәсіптік қызметке даярлау мектебі, адами әлеуеттің даму деңгейін, білім беру ұйымдары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар жасау қаупін азайтуда өзіндік «бастапқы алаң» болып табылатыны туралы тұжырым жасауға болады.

Екібастұз қаласындағы «Қайнар» білім беру-бос уақытты өткізу кешенінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру және олардың іспен айналысуы жөніндегі жұмыс тәжірибесі туралы

Тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесін құру үшін Екібастұз қаласында «Қайнар» білім беру-бос уақытты өткізу кешені базасында тәрбие жұмысының орталығы ашылды.

Екібастұз қаласындағы «Қайнар» білім беру-бос уақытты өткізу кешені – көпфункционалды, көп құрылымдық кәсіпорын. 2013 жылы денешынықтыру және спорт бөлімі ашылды, онда балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру дайындығы клубы (БЖК), мектеп волейбол лигасы, жүзу бассейні және скалодром жұмыс істейді. Балалардың сабақтан тыс уақытта іспен айналысуына жобалық жұмыс нысаны ықпал етеді. 19 әлеуметтік-педагогикалық және бос уақытта жасалатын жобаларға, оның ішінде, «Құқықтық өңір», «Алуан түрліліктің тоғысуы», «Менің ауданым», «Жаңа Ұрпақ», «Шіркін - life», «КТК мектеп Лигасы», «Тең – теңімен» атты волонтерлік жобаға мектепшілік есепте және ювеналды полиция тобында есепте тұрған жасөспірімдердің 80 %-ы қатысады.

«Қайнар» ББК-да «Омбудсмен мектебі» бар (жетекшісі – педагог В.В. Рудюк), ол «Құқықтық өңір» жобасы бойынша жұмыс істейді. Жоба шеңберінде жүйеде Құқық күндері, құқықтық клубтар фестивальдары, омбудсмендердің (ескертпе - мектептердегі балалардың құқықтары бойынша уәкілдер) құқық қорғау органдарының жұмысына қатысу күндері өткізіледі. Мектеп омбудсмендері ювеналды полиция тобының қызметкерлерімен бірлесіп КІБ-де есепте тұрған балалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді және олардың сабақтан тыс уақытта пайдалы іспен айналысуын қадағалап отырады. Жүргізіліп отырған жұмыс барысында бос уақытты ұйымдастырылған түрде өткізумен қамтылмаған жасөспірімдер анықталды. Мәселен, қолайсыз отбасыларда тәрбиеленіп жатқан Масагутов Тілек, 2003 жылы туған, Рашкенов Абылайхан, 1998 жылы туған тұрғылықты жері бойынша «Өркен» аула клубына психологиялық тренингке шақырылды. Жасөспірімдер тренинг сабақтарының цикліне қатысты. Бүгінде жасөспірімдер сабақтарын жақсы оқып, құқық бұзушылықтар жасамайды, олар КІБ-ден есептен алынды.

«Денсаулық мектебі» оқушыларының 40% астамы (жетекшісі В.В.Горохова) – қолайсыз отбасыларда тұрып жатқан және мектепшілік есепте тұрған жасөспірімдер қыздар. Оқушылардың тұлға ретінде тиімді дамуы үшін педагог жеке әңгімелесулер, ата-аналармен

және балалармен психологиялық және педагогикалық сабақтар өткізіп, тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар береді.

Курс аяқталған соң, оқушылар денсаулық мектебін аяқтағаны туралы куәлік алады. Соңғы 3 жылда 115 жасөспірім «Денсаулық мектебін» бітіріп, олардың 86-сы медициналық колледждер мен ЖОО-ларға түсті, 40-тан астамы стоматолог, косметолог, терапевт, фельдшер болып жұмыс істеп жатыр.

«Қайнар» ББК жанында жалпы 2000-нан астам баланы, оның ішінде мектепшілік есепте тұрған 30 жасөспірімді қамти отырып, тұрғылықты жерлерде 14 клуб жұмыс істейді. Қаладағы шағын аудандардың балалары қатысушыларына айналған жобалық қызмет те клуб жұмысы бағыттарының бірі болып табылады.

Аула клубтары желісі арқылы «Менің ауданым», «Клубтар – құқықтық кеңістік», «Біздің ауламызда» және басқа да жобалар іске асырылуда.

«Қайнар» ББК базасында жүзу бассейні жұмыс істейді, оның жанынан жеке кесте бойынша «қатер тобының» балаларына арналған жүзу сабақтары ұйымдастырылған. Жасөспірімдердің бұл санатын жалпы қамту 120 адамды құрайды.

Ерекше көңіл бөлуді талап ететін жасөспірімдерді техникалық шығармашылық пен робот техникасының сабақтары қызықтырады. Олар өз қолдарынан макеттер немесе ұшатын, қозғалатын, жүзетін модельдер дайындайды және олармен жарыстарға және көрмелерге қатысады.

Техникалық шығармашылық бойынша жұмыс өтілі мол педагог В.А. Жабин сабақ береді. Ол өз тәрбиеленушілерімен бірлесіп жасаған оқу ұшағы ісін жаңа бастаған модельшілер үшін үлкен ынталандыру болды. Олардың көбінің конструкция құрастырумен қатты шұғылданатыны соншалық, тіпті өз кәсіптік қызметін инженерлер, конструкторлар және пилоттар ретінде жалғастырып кетеді. Техникалық шығармашылық үйірмесіндегі сабақтардың арқасында 6 жасөспірім КІБ есебінен, 24 жасөспірім мектепшілік есептен алынды.

Жасөспірімдердің өздері тең авторлары болған «Жаңа Ұрпақ» әлеуметтік жобасы ЮНЕСКО клубтарының халықаралық форумына ұсынылып, халықаралық деңгейдегі меценаттардың қолдауына ие болды.

«Жаңа Ұрпақ» жобасы жасөспірімдердің, оның ішінде құқық бұзушылықтар жасағандардың, қадағалаусыз қалған балалар мен өмірлік қиын жағдайда жүрген жасөспірімдердің басқа да санаттарының әлеуметтік бейімделу проблемасын шешуге бағытталған. «Жаңа Ұрпақ» жазғы каникул кезеңінде Екібастұз қаласының ішкі істер басқармасымен бірлесіп іске асырылады.

«Қайнар» ББК құрылымының өзі, жұмысқа қатысты пайдаланылатын нысандар, әдістер мен тәсілдер оқушылардың сабақтан тыс уақытта пайдалы іспен айналысуын ұйымдастыруға мүмкіндік береді және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін шешуге бағытталған. Мектеп омбудсмендерінің жұмысын үйлестіретін құқықтық тәрбие жөніндегі әдіскер мен «Қайнар» ББК директоры қалалық кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияның құрамына кіретінін атап өту керек.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиядан өтетін барлық жасөспірімдер «Қайнар» ББК жобалық қызметі процесіне белсенді түрде қатысады. Олар үшін «Түсіну. Қабылдау. Көмектесу» тренингтік бағдарламасы әзірленген, бұл бағдарлама шеңберінде балалармен ғана емес, сонымен қатар олардың ата-аналарымен де жұмыстар жүргізіледі. Релаксация кабинеті базасында «Жасөспірім» клубы жұмыс істейді, оның жетекшісі – «Қайнар» ББК психологы А.Ю. Сакара.

«Жасөспірім» тренингтік клубында 24 жасөспірім айналысады, олардың 12-сі – халықтың әлеуметтік осал тобынан. Клубтың негізгі идеясы – өз ішкі әлемін танып үйрену және өзінің «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыру. Клубтың мақсатты бағдарламасы бойынша жасөспірімдермен жүйелі жұмыстың және сенсорлы бөлменің жайлы ахуалының арқасында балалардың бойындағы мазасыздық азайып, табысқа қол жеткізу уәждемесі, әлеуметтік бейімделу және белсенділік қалыптасады. Клубтың 7 тәрбиеленушісі болашақта психолог және табысты адам боламыз деп шешіп отыр.

Гарбузов Данил, Нұржанов Әнуар, Анаев Ислам, Кайкен Бибігүл, Төлегенов Бейбарыс, Фарин Кирилл, Приступа Александр, Елубаев Оразбек, Демьянов Николай және басқа да жасөспірімдер тренингтік сабақтар барысында оқуда, қосымша білім алуда және бос уақытын ұйымдастыруда табысқа жету дағдыларын иеленді.

Жасөспірімдердің сүйікті сабақтарының бірі – «ЗЮВС» туристік клубы, оған бүгінде 75 қыз бен ұл барады, олардың 16-сы КІБ-де есепте тұр,

32 жасөспірім – «кәтер тобының» санатынан. Клуб түлектері өз жұмысын ТЖ қызметтерінде, «Богатырь» разрезінде, Тау-кен-байыту комбинатында және ГРЭС-1 (мемлекеттік аудандық электр станциясы) жалғастыруда.

Білім беру ұйымдарының бұл бағытта тиімді жұмыс істеуі мақсатында «Қайнар» ББК әдістемелік кабинеті девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс істеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша семинарлар, әдістемелік ұсынымдар, мастер-кластар және практикалық сабақтар циклін әзірледі.

Құқық бұзушылықтар мен суицид құбылыстарының алдын алу жөніндегі жұмыс ювеналды полициямен, кәмелетке толмағандардың ісі

және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен, прокуратурамен, білім беру ұйымдарымен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп әзірленген жоспарларға сәйкес жүргізілуде.

Осылайша, қосымша білім беру кәмелетке толмағандардың сабақтан бос уақытта іспен айналысу проблемасын шешуге, әлеуметтік емес мінез-құлықты балалар мен жасөспірімдер санын азайтуға көмектеседі және бірыңғай білім беру кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Біздің міндетіміз – барлық балаларға өмірде табысты болу үшін тең мүмкіндік ұсыну.

Астана қаласындағы жас туристер станциясы ұжымының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс тәжірибесі

Астана қаласындағы Балалар туризмі станциясының ұжымы шығармашылық жобалар жүйесі арқылы, ұйымдармен, медициналық, заңгерлік, әлеуметтік қызметтер, мәдениет саласының мамандарымен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасай отырып, жасөспірімдер арасындағы қадағалаусыз қалу мен қылмыстың алдын алуға, кәмелетке толмағандар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға өз үлестерін қосып отыр. Жазғы уақыт кезеңіндегі жұмысты ұйымдастыра отырып, мынадай міндеттерді кешенді түрде шешуге тырысады:

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- мәдени демалысты ұйымдастыру үшін жағдай жасау;
- төзімділікке тәрбиелеу, экстремизмнің алдын алу;
- салауатты өмір салтын насихаттау және әлеуметтік емес мінез-құлықтың алдын алу бойынша тақырыптық кешенді іс-шараларды (спектакльдер, концерттер, фестивальдар, дөңгелек үстелдер, экскурсиялар, кітап көрмелерін, әңгімелесулер, оқу конференцияларын) ұйымдастыру;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу проблемалары бойынша практикалық сабақтар мен семинарлар өткізу;
- салауатты өмір салтын насихаттайтын тақырыптық кино-акциялар ұйымдастыру және өткізу;
- патриоттық, эстетикалық, азаматтық-құқықтық және рухани-адамгершілік тәрбиеге бағытталған іс-шаралар өткізу.

Жазғы уақытта балаларды сауықтыру, олардың демалысы мен іспен айналысуын ұйымдастыруды кешенді түрде шешу балалардың бос уақытты орынды әрі эмоциялық тартымды өткізуі, олардың жаңа әсерлер алуға, бір-бірімен сөйлесуге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ шығармашылық әлеуетін дамыту, тұлғалық мүмкіндіктерін жетілдіру, мәдениет құндылықтарына баулу,

әлеуметтік байланыстар жүйесіне кіру, өз жоспарларын жүзеге асыру, тұлғалық маңызы бар қызмет салаларында жеке мүдделерін қанағаттандыру үшін жағдай жасалуын қамтамасыз етеді.

Бос уақытта іспен айналысуды сауатты түрде ұйымдастыру бүгінде осы әлеуметтік емес құбылыстардың бастапқы алдын алу бойынша жүргізілетін үлкен жұмыстың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде құқыққа қарсы іс-әрекет жасау алғышарттарының бірі болып табылатын балалар мен жасөспірімдердің қадағалаусыз қалуына балама ретінде қаралады. Жасына қарай психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, балалар мен жасөспірімдер салдары туралы ойланбастан, барлық жаңа, әлі танылмаған нәрсені қабылдауға дайын. Бұл ретте олар идеологиялық тұрғыдан әлі орнықпаған, олардың ойларына оң да, теріс те бейнені енгізу жеңіл. Оң балама болмаған жағдайда, идеологиялық вакуум есірткімен, шылым шегумен, маскүнемдікпен және басқа да зиянды әдеттермен жылдам толығады. Сондықтан да балалар мен жасөспірімдердің бос уақытта іспен айналысуын ұйымдастыру, халықтың осы санатының бос уақытты өткізуде нені қалайтындарын ескере отырып, мәдени көрсетілетін қызметтер тізбесін жетілдіру және кеңейту Станция ұжымының негізгі міндеті болып табылады. Станцияның оң әрі тартымды имиджін қалыптастыру балалар мен жасөспірімдерді көбірек тартуға мүмкіндік береді, бұл қылмыс жасау алғышарттарының бірі болып табылатын уақытты босқа өткізуге белгілі бір балама болады.

Демалыстары ұйымдастырылған сипатта емес жасөспірімдер жіті көңіл бөлуді талап етеді. Станция қабырғасында өткізілетін және осы міндеттерді шешуге бағытталған жобалар мен іс-шаралар жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысы мен бос уақытта іспен айналысуын ұйымдастыру жөніндегі бағдарламалардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Станция үйірмелерінде 700-ден астам тәрбиеленуші тау туризмі, су туризмі, жаяу жүру туризмі, тауға өрмелеу, туристік көпсайыс, спорттық бағдарлау, альпинизм, спелеотуризм, бард өлеңдері, «Жас эколог-өлкетанушылар», «Жас археологтар», «Өлкетану туристері», «Географ-өлкетанушылар», «Жас экскурсоводтар», «Жас туристер», «Шағын туризм», «Жас турист-құтқарушылар» сияқты әртүрлі 17 бағыт бойынша шұғылданады. «Шығармашылық орта», «Грот», «Көкжиек» отбасы клубтарының қызметі педагогтарды, балалар мен олардың ата-аналарын шығармашылық ұжымға біріктіре отырып, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтардың нығаюына ықпал етеді.

Оқу жылы ішінде елорда оқушыларымен мынадай қалалық іс-шаралар өткізілді:

1200 мектеп оқушысын қамтумен өткізілген 11 бұқаралық спорттық-туристік іс-шаралар;

520-ден астам мектеп оқушысын қамтумен, 2 қалалық өлкетану конкурсы;

«Батыр» туристік шатырлы лагерінде үш маусым ішінде 369 бала демалып, өздерінің туристік шеберлігін шыңдау мүмкіндігіне ие болды.

Мынадай әртүрлі бағыттар бойынша туристік жорықтар Станция тәрбиеленушілерінің нәтижелілік көрсеткіштерінің бірі болып табылады:

балалар бір жыл ішінде күрделілік дәрежесі әртүрлі 25 жаяу жүру жорығына шықты;

күрделілігі 2-ші санатты 1 спелеожорық (Оңтүстік Орал);

күрделілігі 1-ші санатты 1 су жорығы (Сырдария өзені)

күрделілігі 1-ші санатты 1 тау жорығы (Солтүстік Тянь-Шань)

Экскурсиялық қызмет көрсетумен бір жыл ішінде 800-ден астам мектеп оқушысы, оның ішінде балабақшалар мен мектеп жанындағы лагерьлердің тәрбиеленушілері қамтылды. Бұл жылы жазғы кезеңде 6 мектептен 194 оқушы қамтыла отырып, мектеп жанындағы лагерьлердің балаларымен елорда көшелерімен 8 жаяу жүру экскурсиялары өткізілді.

Әрбір баланың жетістігі – бұл оның тәлімгерінің мақтанышы, мәселен өткен оқу жылы ішінде Станция тәрбиеленушілері 54 жүлделі орынды жеңіп алды:

- 1-орын – 13

- 2-орын – 14

- 3-орын – 15

- 12 тәрбиеленуші бард өлеңдері бойынша әртүрлі балалар фестивальдарының лауреаттары мен дипломанттары атанды.

Балалар туризмі – адамзат жинақтаған өмірлік тәжірибені жаңа ұрпаққа берудің, құндылық бағдарларды, ұлттың адамгершілік тұрғыдан сауығуы мен мәдени дамуын қалыптастырудың маңызды тәсілі.

Іс-шаралар өткізген кезде міндетті түрде балалар мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері ескеріледі.

Балалар мен жасөспірімдер үшін бос уақыт – бұл отбасындағы мен мектептегіге қарағанда ерекшеленетін жаңа рөлдерді ойнай отырып, олар еркіндік пен тәуелсіздікке, белсенді қызмет пен өзін-өзі танытуда өзінің табиғи қажеттіліктерін толыққанды әрі кеңінен ашатын сала. Осылайша, балалардың бос уақытты өткізуіне өзін-өзі көрсету функциясы тән. Шығармашылық процестер балалардың ойындарында, қоршаған ортаны танып білулерінде, балалардың алуан түрлі әлеуметтік амплуаны меңгеруінде барынша көрініс табады. Бұл процестер көбіне бос уақыт кезінде жүзеге асырылады. Эмоциялық қабылдау мен ойлау тетігі арқылы саналары мен мінез-құлқында өзіндік орын алатын және өмір бойы өз ізін қалдыратын

шығармашылық қызмет элементтерін балалар барынша белсенді түрде меңгеріп алады. Яғни, балалардың бос уақытына шығармашылық функция тән болып отыр.

Балалар мен жасөспірімдерге алуан түрлі әлеуметтік амплуада болуға мүмкіндік беретін ортақтылық та осы бос уақыт жағдайында қалыптасады. Осылайша, балалардың бос уақытындағы тағы бір функцияны – коммуникативтік функцияны атап өтуге болады. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты саласында оларға алуан түрлі әлеуметтік институттардың ықпал етуі мен әсері неғұрлым ашық, бұл балалардың адамгершілік келбеті мен дүниетанымына барынша тиімді әсер етуге мүмкіндік береді. Ұжыммен бос уақытты бірге өткізу процесінде серіктестік сезімі нығая түседі, шоғырлану дәрежесі артып, еңбек белсенділігіне ынтасы жоғарылайды, өмірлік ұстаным қалыптасып, қоғамда өзін ұстау нормаларына үйренеді. Балалар бос уақытының айрықша ерекшелігі оны театрландыру болып табылады. Көркем бейнелер эмоция арқылы әсер ете отырып, баланы ойлануға, қайғыруға және қуануға мәжбүрлейді, олардың әсері көбіне өмірлік қайшылықтардан да әлдеқайда өткір болады. Басқаша айтқанда, балалардың бос уақыты үлкен идеалдар қалыптастыру мен құндылық жүйесін қалыптастыру үшін қолайлы. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бос уақыты балалар мен жасөспірімдердің танымдық қызметіне зор ықпалын тигізеді. Бос уақытта балалар білімнің алуан түрлі салаларында жаңа нәрселерді танып біледі: көркемдік ой-өрісі кеңейеді; техникалық шығармашылық процесіне қол жеткізіледі; спорттың тарихымен танысу және тағы сол сияқтылар орын алады; қорыта келе, бала үшін бос уақытты өткізу қызметінің көптеген түрлері жүзеге асырылады. Бұл балалардың бос уақытына ағартушылық функция тән екенін білдіреді. Балалар бос уақытының маңызды міндеттерінің бірі – мамандық таңдауға көмектесу. Балалықтың алғашқы кезеңінен бастап жасөспірімдік жасқа дейін мамандық таңдау мәселесі аса өзекті мәселеге айналады. Балалардың басым бөлігі бұл маңызды сұраққа жауапты бос уақытты өткізу саласынан табады. Бос уақыттарында балалар кітап оқиды, өзі үшін мамандықтар әлемін ашатын кинофильмдер, спектакльдер және телехабарлар қарайды. Кәсіптік жолды белгілеп алып, көбіне бос уақыттарында білім алып, қабілеттерін дамытады, сол немесе өзге қызметке тән дағдыларды иеленеді.

Мектеп оқушыларының бос уақытты өткізуін қамтамасыз етуде «Батыр» туристік лагері үлкен рөл атқарып келеді. Лагерь Ереймен тауында орналасқан. Лагерь атауының «Батыр» деп алынуы да кездейсоқ емес. Ерейментау белгілі қазақ батырлары Бөгенбай мен Олжабайдың отаны және өмір сүрген жері болып табылады, бұл

оқушылармен өлкетану және зерттеу қызметін жүргізуге мүмкіндік береді. Лагерь табиғаты көркем жерде орналасқан.

Таңертең балалар құстардың ән салғанынан оянады, жаттығулар жасап, өздері отқа тамақ пісіреді. Бәрі де өзін-өзі басқару арқылы жүргізіледі, лагерьге келісімен, өркениеттің барлық жетістіктері – электр, электр аспаптары, теледидар, магнитофон, компьютер, телефон жоқ, ұялы байланыс жоқ табиғи ортаға тап бола отырып, балалар бәрін өздері істейді.

Міндеттерінің нақты бөлінуі өзін-өзі басқарудың ойдағыдай өтуіне ықпал етіп, тәртіпке салады, дербестікке және тапсырылған іске жауаптылықпен қарауға үйретеді. Әрбір қатысушы жұмысын жақсы істейтін болса, ересектер тарапынан басшылық ету де талап етілмейді.

Алғашқы үш күннің ішінде балалар туристік шеберліктің негіздеріне үйренеді. Лагерь өмірі туристік минимумнан өтуден басқа, күндерге бөлінген көптеген іс-шараларға толы болады – бұл жасанды скалодромды ашу, экологиялық десанттар, шағын олимпиада ойындарына қатысу, туристік кедергілер жолағын еңсеру, тауға өрмелеу және басқа да жарыстар. Әрбір кеш сайын базалық лагерьде балалар қасиетті алау басында жиналады, онда туристік өлеңдер айтып, болған жорықтар туралы өз ойларымен бөліседі, өлкетану тапсырмаларын орындағаны жөнінде есеп береді, Ерейментау туралы аңыздармен және өлкенің тарихымен танысады.

Қиындықтарды еңсеріп, пікірлестер ұжымында бола отырып, өзара көмек көрсетуге, бір-біріне қол ұшын беруге, ұжымдық рух пен серіктестікке негізделген тұлғаның қалыптасуы орын алады.

Балалардың жорықтарға қатысуы маңызды рөл атқарады. Жорық – негізінде әлеуметтік теңдік қағидаты жатқан, үлкен адамның дәстүрлі түрдегі басымдығының орнына жаңа қарым-қатынастар орнайтын мұғалім мен оқушының бірлескен белсенді қызметі. Педагог сол бір «ынтымақтастық педагогика» – мұғалім мен оқушының нәзік түрдегі, көзге көрінбейтін рухани бірігуі жағдайында болады.

Станцияның Астана қаласының балаларымен туристік-өлкетану жұмысын жүргізу мысалдары көп деп айтуға болады. Олар – академик В.С. Волошиннің жетекшілік етуімен өткен археологиялық экспедицияға қатысу, 40-шы мектеп жас өлкетанушыларының ҰОС ардагерлерімен кездесулері, мектеп оқушыларының «Салют, Победа!» атты халықаралық өлкетану жобасына қатысуы, «Струнная капель» атты бард өлеңдерінің фестивалы және басқа да көптеген іс-шаралар.

Жылдың кез келген уақытында өткізуге болатын «Елорда көшесімен жүріп өтейік» жобасындағы эталондық экскурсиялық маршруттар өткізу Станция жұмысының инновациялық бағыттарының біріне айналды .

Кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жұмысы бүкіл жыл бойы жүргізіледі, бірақ жазғы каникул кезеңінде ерекше белсенді болады. Осыған орай жазғы кезеңде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, патриоттық тәрбие бойынша жұмыс жоспарлары жасалды.

Балалармен және олардың ата-аналарымен «Туған өлке табиғатымен танысу», «Менің туған өлкем» тақырыптары бойынша орманға жорыққа шығулар, конкурстар және ойындар өткізумен пикниктер тұрақты түрде ұйымдастырылып отырады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын-сауықтар көңілді әрі тартымды болады, сонымен қатар тәрбиелік-танымдық сипатқа ие.

Жас туристер станциясы қала мектептеріндегі туристік-өлкетану қызметін үйлестіру функциясын атқарады. Станцияда тау туризмі, жаяу жүру туризмі, су туризмі, тауға өрмелеу, спорттық бағдарлау, археология, бард өлеңдері, өлкетану, экология сияқты бағыттар бойынша айналысатын 600-ден астам мектеп оқушысы бар. Станция ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру орталығымен, штаб-пәтері Мәскеу қаласында орналасқан Халықаралық балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясымен тығыз жұмыс істейді.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту жөніндегі мұндай бірлескен жұмыс балаларға романтика мен туризмнің көпқырлы және таңғажайып әлемін ашады.

Ақтөбе қаласындағы Техникалық шығармашылық орталығының жұмыс тәжірибесі

Техникалық шығармашылық орталығында дайындығы мен тіл табысуы, тәрбиелілік деңгейі әртүрлі балалар, оның ішінде мектепте проблемалы, яғни «қиын» деп аталатын балалар шұғылданады. Сондықтан да барлық үйірмешілерге, әсіресе «қиын» балаларға педагогикалық қолдау көрсету Орталық жұмысының маңызды ерекшеліктерінің бірі деп есептеледі.

Сонымен қатар осы жасөспірімдермен сенімді қарым-қатынастар орнату – әрбір педагогтың басты міндеті. «Шығармашылықтың емдік қасиеті бар», - дер жазды К.Д.Ушинский. Неліктен олай? Ең алдымен, баланың шығармашылық процесі қуанышпен байланысты, ал қуаныш өз күшіне деген сенімді арттырып, балалар ортасында өз орнын табуға мүмкіндік береді және өмірге деген оң көзқарасын қалыптастырады. Бұған үйірмелердегі шығармашылық қызмет, үйірмедегі жолдастарымен сөйлесу және жұмыстың нәтижесіне қол жеткізуде

қиындықтарды жеңу жолдарын іздестіру ықпал етеді. Педагогтар оқушының жақсы мінезіне және оның жұмыстағы оң қадамдарына үнемі көңіл бөліп отырады. Олардың ата-аналарымен үнемі байланыста болады: жеке консультациялар, әңгімелесулер өткізіп, балалардың тұлғалық дамуындағы оң өзгерістерге көп көңіл бөледі. Бұл балалардың ата-аналарын үйірмеде бірлесіп жұмыс істеуге тартады. Орталықтың барлық педагогтары мұндай балалармен жұмыс істеген кезде «Баланың кемшіліктерін жоям деме, керісінше оған жан дүниесінің мықты жақтарының көрінуіне көмектес, ол өзі-ақ бойын тік ұстай бастайды» деген байырғы кеңесті ұстанады. Жасөспірімдермен жүргізіліп отырған бұл жұмыстың оң нәтижелері бар.

Жалпы, Орталық зертханаларындағы үйірмешілердің бүкіл жұмысы – бұл бала тұлғасының тәрбиесі. Ал оқушылардың қалалық, Республикалық және халықаралық жарыстарда, көрмелерде, конкурстарда иеленген грамоталары, дипломдары, кубоктары, медальдары оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларының орындалу нәтижесі болып табылады. Осыны ескере отырып, Орталық педагогтары Қалалық Техникалық шығармашылық орталығы түлегі тұлғасының моделін жасады - яғни танымдық және коммуникативтік қызметтің алуан түрлі салалары мен құралдарын сенімді түрде меңгере отырып, өз өмірін құра білетін тұлға, бұл әрбір тұлғаның болашақта неғұрлым тиімді түрде өзін-өзі көрсетуіне және оның дара тұлға болуына алып келеді.

Баланың еркін білім алуына, әлеуметтік бейімделген тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау Орталықтағы тәрбие жұмысының мақсаты болып табылады, ол балалардың бойында әлемді танып білу мен меңгеру уәждемесін, өзіндік ой-сананы, эмоциялық-құндылық қарым-қатынастарды, шығармашылық, іздестіру, зерттеу қызметін дамытуды білдіреді. Жұмыстың мазмұны тәрбиеленушілердің әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескереді. Бала оқу озаты ма немесе үшпен оқитын «қатардағы» оқушы ма – қандай оқушы болса да – ол өз алдына жарқын жеке бір тұлға және осы жер – Орталық зертханалары оның өзін-өзі танытатын және өзін-өзі көрсететін жері. Үйірмелерде өткізілетін сабақтар – жасөспірімнің адамгершілік, рухани, мәдени бағдарлары «білінбей» қалыптасатын, яғни тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі орын алатын оқушыларды тұлғалық маңызы бар шығармашылық жұмыс түрлеріне тартудың арқасында «еркін» тәрбие беруге ықпал етеді.

Барлық үйірмешілерге, әсіресе «қиын» балаларға педагогикалық қолдау көрсету Орталық жұмысының маңызды ерекшеліктерінің бірі деп есептеледі.

Мектеп оқушыларымен техникалық шығармашылықпен айналысудың өзектілігі шығармашылық тұрғыдан белсенді және

техникалық сауатты жас адамдарға деген қоғамдық қажеттілікке, заманауи техникаға деген қызығушылықты қайта қалпына келтіруге, өмірлік және кәсіптік өзін-өзі айқындау мәдениетін тәрбиелеуге негізделіп отыр. Жасөспірімнің өзін-өзі кәсіптік айқындай білуіне жәрдемдесу және тұлғалық (адамгершілік, кәсіптік борыш, жауапкершілік және кәсіптік мақтаныш) қасиеттерін дамытуға жәрдемдесу Орталық зертханаларында оқытуды аяқтау кезеңіне тән ерекшелік болып табылады.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау оларды шығармашылық дамытудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Қалалық техникалық шығармашылық орталығында сақталатын балалардың шығармашылық қабілеттерін ойдағыдай дамытудың негізгі алты шарты бар.

Бала техникалық шығармашылықтың бастапқы бағытын үйренетін бастауыш-техникалық модельдеу үйірмесіндегі сабақтар балалардың шығармашылық қабілеттерін ойдағыдай дамытудағы алғашқы қадам болып табылады.

Балаға жағдай туғызу баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың екінші маңызды шарты болып табылады. Бала сабақтарда және үйірмеде оны алуан түрлі шығармашылық қызметке ынталандыратын орта мен қарым-қатынастар жүйесінің ортасында болады.

Үшінші, өте маңызды шарт, шығармашылық қабілеттерді тиімді түрде дамыту шарты, ол бар күшінді жұмсауды талап ететін шығармашылық процестің сипатынан туындайды. Ойдағыдай даму қабілеті артқан сайын, соғұрлым адам өз қызметінде мүмкіндіктерінің «шегіне» дейін жетіп, біртіндеп осы шектен де әрі қарай жоғарылай береді. Үйірме сабақтарында балалар қарапайым нәрседен бастап біртіндеп неғұрлым күрделісіне ауысады. Шығармашылық қабілеттерді ойдағыдай дамытудың төртінші шарты балаға үйірмеде, қызмет түрін таңдауда, істерді ауыстырып отыруында кеңінен еркіндік беруді білдіреді. Мұндай еркіндік беру педагогтың еркін, ақылды, қайырымды көмегін болжайды.

Бесінші, еркіндікті бәрі рұқсат етіледі деп емес, керек кезде көрсетілетін көмек деп түсіну қажет.

Шығармашылық үшін жайлы психологиялық ахуал мен бос уақыт қажет екені бұрыннан мәлім, сондықтан да шығармашылық қабілеттерді ойдағыдай дамытудың алтыншы шарты – қалалық техникалық шығармашылық орталығындағы жылы достық ахуал. Қазіргі кезде балалар үйірмелері мен студияларының, музыка мектептері мен өнер мектептерінің танымал болуы кездейсоқ емес. Әрбір баланың шығармашылық мүмкіндіктері зор.

Қалалық техникалық шығармашылық орталығы балаларға өз қабілеттерін іске асыруға көмектеседі. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың дұрыс жолдарын табу үшін, Орталық педагогтары әліпбилік қағидаларды ұстанады:

- 1) баланың күшіне сену және оған сенімді болуға көмектесу;
- 2) баланың жан-дүниесінде өзі жасағаны туралы сезім қалдыра отырып, жақсы көмекші бола білу;
- 3) оған бір орында тоқтап қалмауға, неғұрлым қиын міндеттерге деген қызығушылығын оята білу;
- 4) бірақ түпкі мақсат – міндеттің өзі емес, оның көмегімен уақтылы дамыту екенін естен шығармау;
- 5) белсенді әрекет жасау мен еркін сөйлесе білуге үйрету;
- 6) шынайы болу, бірге қайғыра білу: қуана және мұңая білу;

Педагогтар өз жұмысында дәстүрлі және дәстүрлі емес неғұрлым тиімді нысандар мен құралдарды пайдаланады. Сабақтар оған барлық үйірмешілер кірісіп кететіндей етіп құрылады. Әркім бір нәрсе ойлап табады, ешкім-ешкімге қысым көрсетпейді, әркім өз күшін сезіне білуге тиіс. Бүкіл оқу процесі өзара сыйластыққа, бір-біріне деген шынайы қызығушылыққа негізделген терең өзара сенімге толы. Сабақтар өткізген кезде мынадай негізгі қағидалар ұстанылады:

1. Балаларды өз бетінше, ештеңеге тәуелді болмай әрекет жасауға, тікелей нұсқаулардан аулақ болуға үйретеді.
2. Балалардың бастамасына қолдау көрсетіледі.
3. Олар өздері істей алатын (немесе істеп үйрене алатын) нәрселерді олар үшін істеп бермеу.
4. Біржақты тұжырым жасауға асықпайды.
5. Балаларға білімді меңгеру процесін басқарып үйренуге көмектеседі.

Орталықта оқушылардың ата-аналарымен белсенді жұмыс жүргізіледі. Ата-аналар жиналысы – бұл ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеудің негізгі нысаны. Оқу жылының басында ұйымдастырушылық ата-аналар жиналысы өткізіледі, онда ата-аналарды Орталықтың қызметімен таныстырады:

- зертханаларға экскурсиялар жасалады,
- балалар шығармашылығының көрмесімен таныстырады,
- балалардың көрмелердегі, конкурстардағы, жарыстардағы жетістіктері

туралы материалды ұсынады,

- ата-аналарға сауалнама жүргізіледі.

Орталық педагогтары үйірме жұмысының неше түрлі жоспарларын әзірлейді.

Айталық, мысалы, «Ағашты көркемдеп өңдеу» үйірмесінің жұмыс жоспары

«Ағашты көркемдеп өңдеу» үйірмесіндегі сабақтардың мақсаты: балалардың бойында ағаш өңдеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық және көркемдік талғамын дамыту, арнайы құралмен жұмыс істеу икемі мен дағдысын қалыптастыру, ұжымдық сезімді тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы қызметке баулу.

Үйірмеге 10-15 адам қатысады, өйткені балалар саны көп болса, жетекші әрбір үйірмешімен жеке жұмыс істей алмайды, әсіресе бастапқы кезеңдерде әр балаға зейін қойып, жеке қарау керек.

Одан кейін оқытушы әрбір сабақта, барлық технологиялық сатыларда барлық үйірме мүшелеріне кеңес беріп, көмектесуге тиіс, өйткені бұл декоративтік-қолданбалы өнер түрі ағаш сүрегін қолмен және станокпен өңдеу технологиясын білуді талап етеді.

Үйірменің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті алғашқы және негізгі шарт сабақтарға арналған үй-жайларды дайындау, қажетті мүкәммал мен жабдықты сақтау болып табылады. Сабақты жарық, кең, жиһаз толып тұрмаған үй-жайда өткізген жөн. Үйірменің өзіндік ерекшелігі осыны талап етеді, өйткені үйірмеші өз жұмысын бағалап, өз қателіктерін көру үшін, жолдастарымен ақылдасу үшін арасында бұйым жасауды тоқтатуға тиіс. Онсыз шығармашылық жұмыстың болуы мүмкін емес. Жетекшіге қалыпты, шығармашылық ахуал тудыру үшін жағдай жасау қажет.

Үйірме сабағын мектептен тыс мекемелерде аптасына 2 сағаттан екі рет, ал мектепте – аптасына екі рет, бірақ 1 сағаттан немесе аптасына бір сабақты аз ғана үзіліспен 2 сағаттан өткізген дұрыс. Қосарланған сабақ сағаттары жұмыс орнын дайындау мен жинау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Жұмыс басталғаннан кейін жарты сағаттан соң немесе бір сағаттан кейін үзіліс жасаған жөн. Үйірме сабақтары үйірмешілердің жұмысқа дайын болуын жоғалтпас үшін белгілі бір күндері өткізіледі.

Үйірмеге қатысу, тәртіп, сондай-ақ, еңбек нәтижесі көбіне үйірме мүшелеріне қойылатын талаптар мен сабақтарды нақты ұйымдастыра білуге, шебер жоспарлауға байланысты. Жетекші үйірмеде белгіленген қағидалардың сақталуын, жұмыс орындарының күтіп-ұсталуын қадағалауға, құралдарға ұқыптылықпен қарауды үйретуге тиіс. Көрнекі құралдар, жұмыс материалы, құралдар мен аяқталмаған бұйымдар шкафтарда сақталуға тиіс.

Кіріспе сабақта балалар старостаны таңдайды, ол балалардың сабаққа қатысуларына жауапты болып, қатысқандарды белгілейді, кезекші тағайындайды және белгіленген қағидалардың орындалуын қадағалап отырады, осылайша жетекшіге көмектеседі.

Үйірмедегі оқу-тәрбие жұмысы үйірмелерге арналған бағдарламаға сәйкес әзірленген тақырыптық жоспар бойынша жүргізіледі.

Тақырыптық жоспарды жетекші әрбір сабақты жоспарлай отырып, жартыжылға жасайды. Әрбір педагог өз жұмысында мынадай ұсынымдарды басшылыққа алады:

1. Үйірме жұмысына барлық қажетті нәрсе дайын болған соң кіріскен жөн.

2. Үйірменің жасақталуына аса көңіл бөлу керек.

3. Үйірме мүшелерінің жас шамалары бір және дайындықтары да бірдей болғаны дұрыс. Тек осы жағдайда ғана үйірмедегі бүкіл оқу жұмысы педагогикалық тұрғыдан дұрыс қойылуы мүмкін.

4. Үйірмедегілер саны 15 адамнан аспауға тиіс. Сабақтар екі сағаттан аптасына бір-екі рет өткізіледі.

5. Үйірме өз жұмысын, әдетте, қыркүйекте бастап, сәуірде аяқтайды.

6. Үйірме жұмысын бастамас бұрын ғылыми-техникалық кеш, жиын немесе экскурсия өткізген пайдалы.

7. Үйірме жұмысының қорытындысы – оның қоғамдық есебі – жас техниктер жұмыстарының көрмесі болып табылады, ол оқу жылының соңында ұйымдастырылады. Қорытынды көрме жас техниктер жұмыстарының нәтижелерін көрнекі түрде көрсетіп, үйірменің болашақ жұмысының перспективасын бергені маңызды.

8. Оқушылардың үйірмедегі еңбек қызметі кәсіпшілік сипатта болмауға тиіс. Техникалық үйірме оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың шығармашылық ойын қозғағаны, жас техниктердің алдына олар орындай алатын қоғамдық пайдалы міндеттерді қойғаны қажет. Үйірмешілердің өз жұмысының нәтижелерін көріп, өз еңбегі үшін мақтанышты сезінгені өте маңызды.

Өзге үйірмелердің жетекшілері өз жұмыстарын тұтастай модельдеу, рецептуралық сипаттаулар бойынша аспаптар мен модельдер дайындау негізінде жүргізеді. Тиісінше, олар үйірмедегі бүкіл шығармашылық жұмысты механикалық түрде үлгілерді көшіріп алумен ғана алмастырады. Мұндай үйірменің мүшелері қорытынды көрмеде жақсы көріну үшін барынша көп модельдер жасауға ұмтылып, дайындап отырған модельдің немесе аспаптың қолданылу қағидатын түсінбей, неліктен өзгеше емес, осылай жасалуы керектігін білмей жұмыс істейді.

Оқушылар өндіріс процесін сезінбей жұмыс істейтін мұндай үйірмелер мақұлданбайды: олар үйірмешілердің білімін кеңейтпейді, балаларды конструкторлық дағдыларға бауымайды.

9. Техникалық үйірме жетекшісі үйірме мүшелерін негізгі теориялық мәселелермен, модельдерді құрастыру элементтерімен және

жекелеген тораптарды техникалық есептеумен міндетті түрде таныстыруға тиіс; үйірме сабақтары сабақ бағдарламасын ешқашан қайталамайды.

Тәжірибесі аз жетекші үйірме сабақтарында оқу мазмұны өзгеше сабақ өткізудің қалыптасқан жолына көшуі мүмкін. Оқушылар мұны бірден сезеді де, олардың сабаққа деген қызығушылығы басылып қалады.

Техникалық үйірмелер практикасында үйірме жетекшісінің қызығушылыққа берілу жолын таңдайтын жағдайлар да болады. Үйірме жұмысында әсіресе алғашқы сабақтарда қызығушылық керек. Бірақ оған аса берілмеген жөн. Мұндай екі сабақтан кейін жетекші «шаршап қалады» және келесі үйірме сабағында балаларды «немен қызықтыруды» білмейді.

Кейбір жетекшілер «сөз» түріндегі үйірмелерді ұйымдастырады. Оқушылар баяндамаларға дайындалады, конференциялар өткізеді, баяндамаларды талқылайды. Жұмысты осылайша қою үйірме жетекшісін құралдарды, материалдарды, өлшеу аспаптарын таңдау, практикалық сабақтарға арналған шеберхананы немесе зертхананы ұйымдастыру жұмысынан арылтады.

Алайда мұндай «теориялық» сабақтар жас техниктерді қанағаттандырмайды. Үйірме сабақтарында оқушылар өз алғырлығын көрсетуге ұмтылып, шеберлік танытқылары келеді. Балалардың бұл қажеттілігін қанағаттандыру үшін, жетекші үйірме сабақтарында теория мен практиканы дұрыс үйлестіре білуге тиіс.

10. Техникалық үйірме жұмысы оқу бағдарламаларына сәйкес келгенімен, бірақ олардан көп жағынан ерекшеленетін бағдарламалар немесе тақырыптық жоспарлар бойынша өтеді. Әрбір бағдарлама үйірмешілер білуге тиіс қажетті теориялық мәліметтермен қоса, үйірмедегі практикалық жұмысты қамтиды.

11. Үйірме бағдарламасы өзінің барлық бөліктерінде міндетті болып табылмайды. Әрбір мұндай бағдарлама жергілікті жағдайға, жетекшінің машықтарына, үйірмешілердің қызығушылықтары мен дайындығына байланысты теориялық, сол сияқты практикалық бөлігінде өзгертілуі мүмкін. Үйірме жетекшісі бір тақырып бойынша материалды азайтып, екіншісін көбейтуі, ал кейбір үйірмелерден жекелеген тақырыптарды алып тастап, жаңаларын енгізуі мүмкін. Осыдан бағдарламаларды орындау үшін қажетті уақытқа қатысты шарттылық туындайды.

Бағдарламалардың теориялық, білім беру бөлігіндегі негізгі мақсаты – үйірмешілерге әрекет ету қағидаты мен техникалық модельдердің құрылымын түсіндіру, оқушыларды осы машиналардың құрылысымен және олардың өндірістік жағдайларда пайдаланылуымен таныстыру.

12. Үйірмешілерге сол немесе өзге техникалық тапсырманы орындауды тапсыра отырып, жетекші аталған модель немесе машина құрылғысы мен оны қолданудың негізінде жатқан физикалық немесе басқа да заңдар туралы үйірме мүшелеріне ескертуі қажет.

13. Үйірме мүшелері өздері зерделейтін техника саласының тарихымен, оның қазіргі кездегі жай-күйімен және қолданылу саласымен, оның дамытуда орыс және кеңес дәуірі ғалымдарының рөлімен танысулары тиіс.

14. Бағдарлама оқушыларды қазіргі кездегі өндіріспен, оған тән технологиялық процестермен, машина жүргізумен және энергетикамен, өндіріс озаттарының жұмысымен, кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастырумен таныстыруды көздеуге тиіс.

15. Үйірме жұмысында балалардың жас ерекшеліктері ескерілуі қажет.

16. Үйірмедегі практикалық жұмыстар алдында әңгімелесу түрінде теориялық мәліметтер беріледі. Бірақ олар бүкіл сабақ процесінде практикалық жұмыстардың орындалу барысында да хабарлануы мүмкін.

17. Теориялық мәліметтерден басқа, бағдарлама практикалық жұмыстардың ауқымды көлемін де көздейді. Алайда практикалық жұмыс әркім өзі қоятын мақсат бола алмайды. Жұмысты орындай отырып, жас техниктер жалпы еңбек дағдыларын иеленулері, металл өңдейтін әртүрлі құралдармен жұмыс істей білу, монтаж жұмыстары бойынша дағдыларды, сызбаны жақсы оқи білу, қарапайым есеп-қисап жүргізу, модельдің немесе машинаның конструкциясын жете білу және оны басқара білулері тиіс.

18. Техникалық үйірмелерде алуан түрлі қолдан жасалатын бұйымдар дайындалуы мүмкін: қолданылып жүрген модельдер мен макеттер, аспаптар мен көрнекі құралдар, зертханалық жабдық мен қолданбалы заттар.

Кеме жасау үйірмелерінде бірінші жылдары өткізілетін сабақтарда яхта, катер, суасты қайығы және т.б. қарапайым модельдері жасалады; радиоүйірмелерде – әртүрлі өте қарапайым қабылдағыштар, көрнекі құралдар мен аспаптар; шебер және слесарь үйірмелерінде негізінен қолданбалы заттар дайындалады.

19. Практикалық жұмыстар жүргізген кезде жетекші үйірменің мүмкіндіктерін: материалдар мен аспаптардың болуын, үйірме мүшелерінің қызығушылығы мен дайындық дәрежесін ескеруі тиіс.

20. Бірқатар үйірмелер үшін бағдарлама міндетті практикалық жұмыстарды көздемейді. Мұндай үйірмелерде жас техниктерге әрбір тақырып бойынша орындылығы үйірменің міндеттерінен туындайтын модельдер мен аспаптар дайындау ұсынылады.

21. Үйірмешілермен практикалық жұмыс жүргізе отырып, жетекші оларға модельдердің дайын әзірлемелерін бермеуі тиіс. Оның міндеті – жас конструкторларды дұрыс жолға бағыттау, өзіндік жұмыстарда оларға көмектесу, оларды қателесуден сақтандыру, уақтылы кеңес беру. Жетекші үйірме мүшелерін кітаппен және анықтамалықтармен жұмыс істеуге үйретеді, оқушылардың ғылыми-танымал әдебиет оқуға қызығушылығын оятады.

22. Техникада сызбаның маңызы зор, оны әділ түрде техника тілі деп атайды. Жас техниктер сабақтар кезінде білім мен дағдыға ие болатын сызбаны практикада қолдану үшін техникалық үйірменің ауқымы зор.

Үйірме сабақтарында оқушылардың сызбаны немесе эскизді дұрыс жасап үйренгендері, бұйымның өлшемдерін дұрыс өлшеп орналастырғандары, сызба бойынша жұмыс істей білгендері өте маңызды.

Сызбаны жасау дәл өлшеуге және есептеулерге байланысты. Сондықтан үйірме жетекшісі сабақтарда өлшеу құралы мен әртүрлі өлшеу аспаптарын жиі қолдануға тиіс.

23. Жұмыс істеуге арналған объектілерді дұрыс іріктей білудің үйірме сабақтарында шешуші мәні бар. Көбіне үйірмешілер қандай да бір модельмен ұзақ жүреді, оны бітірмей жатып, екіншісіне кіріседі, өйткені жұмыс өте қиын болып көрініп, өңдеу шимай операциялары өзінің біржақтылығымен іш пыстырады.

Радиотехникалық үйірмелерде «жүгіртпе жол» көбіне жетекшінің мақтанышы болады. Әрине, «жүгіртпе жол» - қызықты әрі тартымды конструкция, бірақ төменгі сынып оқушылары курстарындағы балалар үшін емес. Сондықтан жұмыстың көп бөлігін үйірмешілерге емес, жетекшінің өзіне орындауға тура келеді.

24. Үйірменің практикалық қызметінде оқушылардың шығармашылығы ересектердің жасап беруімен алмасып, ал жас техниктердің қатысуы «шимай» жұмыс операцияларымен шектелмеу үшін үйірмешілердің конструкторлық мүмкіндіктерінің ескерілмеуіне жол бермеу керек.

25. Аспаптар мен модельдер дайындау кезінде үйірмешілерді олардың өндірістік процестерді, технология мен еңбекті ұйымдастырудың заманауи әдістерін түсінулеріне көмектесетін жұмыстың түрлері мен нысандарына үйрету керек.

26. Жас техниктер үшін ұжымда жұмыс істей білуді үйрену, жұмысты дұрыс бөлу және ұжымдық еңбекті ұйымдастыра білу өте маңызды. Осыған қатысты кейбір бұйымдарды еңбекті бөліп істеумен дайындайтын үйірмелердің тәжірибесі қызықты болып табылады. Мұндай еңбек ету әдісінің мәні – аспапты дайындау жекелеген операцияларға бөлініп, әрбір үйірмешіге осы операциялардың біреуі

тапсырылатындығында. Мұндай әдіспен жасалған кезде өнімнің сапасы жақсы болады, өйткені бұйым түгелімен емес, оның жекелеген бөлшектері ғана жарамсыз болып қалуы мүмкін. Алуан түрлі дағдыларға ие болу үшін үйірмешілер бір операциядан екіншісіне ауысады. Мұндай жұмыста үйірмешілер өз жұмысының жолдасының жұмысына тәуелді екенін ерекше қатты сезінеді.

27. Үйірме ерікті ұйым болып табылады, бірақ ол үйірмеде тәртіп болмауы, сабақтағы сияқты маңызды тәрбие жұмысы жүргізілмеуі тиіс дегенді білдірмейді.

Жетекші оқушыларды еңбек ету мәдениетіне: жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыра білуге, жұмысты жоспарлауға, материалды үнемдеп жұмсауға, бұйымды әдемі және жақсы жасауға үйретуге міндетті.

Бірінші сабақтың өзінде үйірмешілерді сабақ кестесімен, шеберханада жұмыс істеу тәртібімен таныстырып, үйірме старостасын таңдау қажет.

Кейінгі сабақтардың барлығында алғашқы 15-30 минутты теориялық әңгімелесулерге бөлген жөн. Сабақтардың әрқайсысын жетекші жақсылап ойластыруы тиіс.

Әңгімелесулердің мазмұны мен олардың тәртібінің практикалық сабақтарға сәйкес келгені өте маңызды. Ол үшін әрбір жетекші, бағдарламаға сәйкес, өз жұмыс жоспарын жасайды: тақырыптарды, негізгі практикалық жұмыстарды атап көрсетіп, оларды орындауға қажетті уақытты белгілейді. Бұл жоспарда көпшілік іс-шараларды, топтық және жеке консультацияларды ұйымдастыру көзделеді.

Үйірменің әрбір сабағына жетекші, сабақта оқытушы істейтіндей, қысқаша жоспар жасайды. Бұл жоспарда сабақтан кейін орындалған жұмыс атап көрсетіледі. Бұл жұмыс сапасын арттырады.

Жоспарға сонымен қатар үйірме мүшелерінің баяндамалары мен рефераттары енгізілулері тиіс. Бағдарламалардың жекелеген мәселелері жөніндегі мұндай баяндамалар, әдетте, жоғары сынып оқушыларының үйірмелерінде өткізіледі. Жасы кіші жас техниктер үйірмелерінде ғылыми-танымал кітаптар мен журнал мақалаларын оқуға уақыт бөлген жөн.

Әрбір үйірмеде жетекші бағдарлама шеңберіндегі практикалық жұмыстар үшін үйірмешілерге тақырып таңдау құқығын береді. Мұны радиотехникалық және электротехникалық үйірмелерде істеу жеңіл. Авиамодельдер және кеме жасау үйірмелерінде тақырыптардың мұндай тізбесін беру қиындау, өйткені бұл үйірмелер бағдарламасында міндетті практикалық жұмыстар көзделген. Алайда мұнда да жетекші сол немесе өзге конструкция дайындаудың алуан түрлі нұсқаларын табуы мүмкін.

Мұндай жұмыс үйірмешілердің шығармашылық дербестігін дамытып, үйірме мүшелеріне өз жұмысының нәтижелерін айқын көруге, конструкцияны терең зерделеуге, мектепте алған білімін практикада неғұрлым саналы түрде қолдануға мүмкіндік береді.

Техникалық үйірменің жұмысын оқушылардың бастамасы мен өз бетінше жұмыс істеуі негізінде құрған жөн. Жас техниктер өз үйірмесінің жұмысы үшін толық жауапкершілікті сезінулері қажет. Үйірме сабағындағы ең біріншісі кезекші болып табылады. Ол үй-жайдың дайындығы мен жұмыс орындарындағы тәртіпті тексереді, жетекшіге тәжірибелер дайындауға көмектеседі.

Кезекшіні үйірме старостасы – жетекшінің бірінші көмекшісі тағайындайды. Староста үйірме мүшелерінің келуі мен тәртібін, мүліктің сақталуын, жалпы жұмыс тәртібін қадағалайды.

Жетекші үйірмешілердің ұсыныстарын тындап, оларға өз шамасына қарай қоғамдық жұмыс беруі, үйірме мүшелеріне жолдастарының кейбір қылықтарын түсінуге және дұрыс бағалауға көмектесуі қажет.

Жетекші серіктестік, өзара көмек сезімін тәрбиелеуге және оның қалыптасуына ықпал етуге міндетті. Үйірме жұмысын ұйымдастыру жас техниктердің «Өзің үйренгенді досыңа да үйрет» деген қағидасына сай келуі тиіс.

Ұйымдастырушылық және техникалық дағдыларды меңгерген белсенді жас техниктерді тәрбиелеу үйірменің басты тәрбие беру міндеттерінің бірі болып табылады.

Табысты жұмыс істейтін үйірмешілерді көтермелеп, бағалау қажет.

Осылайша, оқушылардың шығармашылық бастамасы мен дербестігін, конструкторлық және рационализаторлық дағдыларын дамыту Орталықтың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған орай жоғары өнімділікпен еңбек ететін, техникалық жарақтандырылған өндірістік қызметті атқара алатын тұлғаны қалыптастыруда техникалық шығармашылықтың рөлі болашақта арта бермек.

Сабақтармен бірге техникалық шығармашылық бойынша сыныптан тыс жұмыс оқушыларға техникалық ғылымдар саласында терең әрі мықты білім алуға, құнды практикалық машық пен дағдыға ие болуға көмектеседі; еңбексүйгіштікке, тәртіптілікке, еңбек мәдениетіне, ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелейді. Техникалық шығармашылықпен айналыса отырып, оқушылар техниканың әртүрлі салаларында алған білімдерін практикада қолданып, пайдалана алады, бұл болашақта олардың мамандықты саналы түрде таңдауын және кейіннен мамандықты меңгеруін жеңілдетеді.

Орталықтағы балалармен үйірме жұмысы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оның алдын алуда маңызды мәнге ие болып келеді.


Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда бос уақытта іспен айналысуды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар
(Астана қаласы әкімдігінің «№29 орта мектеп» ҚММ жұмысының тәжірибесінен)

Мектепте 894 оқушы бар, 700-ден астам оқушы бос уақытында іспен айналысумен қамтылған, олардың ішінде 343 оқушы үйірмелерге және мектеп базасындағы факультативтерге барады. Қалған 357 оқушы қосымша білім беру ұйымдарына және басқа да жекеменшік үйірмелер мен студияларға барады. Мектепте волейбол, баскетбол, футбол және үстел теннисінен спорт секциялары жұмыс істейді. Мектеп базасында домбыра мен фортепиано класы бойынша №3 балалар музыка мектебінің филиалы 10 жылдан астам жұмыс істеп жатыр.


2015 жылы мектепте бал биінің үйірмесі, «Жас техник» үйірмесі ашылды, бұл үйірмелерде 50 астам оқушы айналысады.

Мектептегі спорт секцияларында 193 оқушы қамтылған

